



ТӨМЕНДЕГЕН
ТАРИФТИҢ
ТҮРІ ОСЫ МА?

2-бет



ЕЛ БОЛАШАҒЫНА
БАЛТА ШАБУМЕН
БІРДЕЙ

5-бет



ЗАЧЕМ МНЕ НУЖЕН
КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК?

13-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

||


qazaquni2000@gmail.com

||

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

||

№50-51 (816-817), 21 желтоқсан, 2018



ҰЛЫ ДАЛАЛЫҚ ЖАҢҒЫРУ - РУХАНИ БАЙЛАНЫСТАР НЕГІЗІ

РАІСАРА – ТАЗА ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

Замандарда ойлау жүйесі бұзылған. Содан адамзат санасына қателіктер сіңісіп, олар қоғамдарды саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани дағдырыстарға жеткізуге бастамшы болған. Хакім Абайдың «Қайғы шығар ілімнен» дегені осы.

8-9
бет



Америка
сапарынан
жолжазба

Биыл желтоқсанның 3-8-і аралығында АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» атты Қазақстанның мәдениеті мен әдебиетінің халықаралық форумы өтті. Рухани жаңғыру бағдарламасының аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің басқаруы, Ұлттық академиялық кітапхана мен Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен өткен бұл форум Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстандық мәдениет жаһандық мәдени мұраның ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Ол әлемдегі түрлі халықтардың мәдени құндылықтарын қабылдау жүйесінде нақты танылуы тиіс», – деген талабына туындап жатқан кезекті қадам. Себебі, бұған дейін де бұндай форумдар Сеулде, Лондонда, Берлинде өткенін Ұлттық академиялық кітапхананың бас директоры, халықаралық шараларды ұтымды ұйымдастырып жүрген іскер басшы Үмітхан Мұңалбаева мәлімдеген болатын.

10
бет



КЕДЕН: ПӘЛЕ НЕДЕН?

Сенат депутаты Дариға Назарбаева кеден бекетіндегі бірқатар былықтардың бетін ашып, жұртшылыққа жария етті. Оның айтуынша, контрабандалық тауарлардың артында заңды қатаң сақтауға міндетті кеденшілердің өздері тұр. Дариға Назарбаева мәлімдегендей, кеденшілер импорттың, әсіресе, Қытайдан келіп өтетін тауардың көлемін жасырып қалады. Не үшін жасырады? Әрине, кәсіпкерден пара алу үшін жасайды осының бәрін. Өздері пара алып қалталарын қалыңдатқанымен қоймай, тауар тасымалдаушыларды мемлекетке төлеуге тиісті салықтан заңсыз босатады. Сөйтіп, мемлекетке, халыққа тиесілі қаржыны жымқырады. Бұл қып-қызыл қылмыс, ол үшін кім жауап беруге тиісті? Бұл сұрақ сонау егемендік алып, тәуелсіз мемлекет атанғаннан бері күн тәртібінде тұр. Оны түпкілікті шешу ешкімнің қолынан келмей жатыр.

6
бет



ЖУРНАЛИСТИКА МЕКТЕБІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

...Біз бұл тұрғыда кезіндегі әйгілі «Лениншіл жас мектебі» аталған шеберлік көрігінен өткен өкілдердің бірі, таныл-мал қаламгер, бүгінде «Қазақстан-Заман» газетінің бас редакторы Ертай Айғалиұлымен пікірлесуді жөн көрдік.

7
бет

СЕНСАЦИЯ: НОВАЯ АРКТИКА ВЫХОДИТ ИЗ ПАРАЛЛЕЛЬНОГО МИРА!

На Земле меняется не только климат, но полностью преобразуется облик Земли. Например, в Арктике в последние годы не только потеплело, сократилась площадь ледяного покрова, но и появились новые растения, и нынешний арктический ландшафт значительно отличается от «традиционной» арктической среды.



12
бет

ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында «2014 жылғы 29 мамырдағы ЕАЭО туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы желтоқсанда қол қойылған шартқа өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заң жобасы мақұлданды.

САПАЛЫ ТАУАР - КІРІС КЕПІЛІ

Осы хаттамада Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттер 2018 жылғы 12 тамызға дейін айқындаған кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтерін 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзарту көзделіп отыр.

«Бұл кедендік әкелу баждары сомаларын бөлудің қалыптасқан режимін сақтау мақсатында

кажет», — деді ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов. Өз кезегінде Парламент Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулин ЕАЭО қызметінің негізгі басымдығы тауарлардың еркін қозғалысына арналғанын еске салып өтті. «Біздің тауарлар Мәскеу, Минск және өзге де ірі қалалардағы дүкен сөрелеріне жеткізілуде. Бұл үрдісті

оңтайлы нәтиже деп бағалаймыз. Дегенмен де осы жағдайларда бәсекеге қабілеттілік ең маңызды екенін есте сақтау керек. Ортақ нарық жағдайында біздің тауарлар мен қызметтерге сұраныс арта түссе, бюджеттің кірісінің мәселесі де шешіледі. Бұған тек сапалы әрі бәсекеге қабілетті тауарлар есебінен ғана қол жеткізуге болады», — деді Н. Нығматулин.



ЕЛІМІЗДЕ ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫ САҚТАЛМАЙДЫ

Елімізде қызметкерлері нормадан артық жұмыс істеген мемлекеттік органдардың басшылары жазаланатын болады. Бұл жайында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев мәлімдеді.



«Екі айдың ішінде барлық мемлекеттік аппаратта нормадан тыс жұмыс істеуге жол бермеуге қатысты ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Өткен апта бойы азаматтық қоғам және БАҚ өкілдерімен бірге барлық орталық мемлекеттік органдар мен әкімдіктерде кестенің сақталуына көшпелі мониторинг жүргіздік. Нәтижесінде, 113 бұзушылық анықталды. Олардың арасында көш бастап отырғандар: Ұлттық экономика, Ауыл шаруашылығы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Білім және ғылым министрліктері, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Алматы облыстарының әкімдіктері», — деп жазды Алик Шпекбаев фейсбуктегі парақшасында. Осы ретте агенттік басшысы: «Аталған мемлекеттік органдар проблеманың қаншалықты күрделі екендігін түсінбегені немесе Президенттің тікелей тапсырмасын елемегені ме?» — деп сауал қойды. «Еңбек заңнамасын бұзғандарға қатысты шара қолдану үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының аты-

на ұсыныс хат жолдадық. Бұған қоса, мемлекеттік органдар басшыларының әкімшілік жауапкершілігін қарастыру үшін Еңбек инспекциясына материалдарды жібердік», — деді Алик Шпекбаев. Оның атап өтуінше, қызметшілердің жұмыс орындарында сағат 18.30-дан кейін де болуы әкімшілік шығыстарды ұлғайтады. Оларға 8 сағат жұмыс өздерінің міндеттерін тиімді әрі нәтижелі атқаруға жеткілікті. Осы тұрғыда Стив Джобстың «таулігіне 12 сағат емес, баспен жұмыс істеу керек» деген сөзін келтіргім келеді. Мемлекеттік қызметтегі тиімсіз әрі пайдалы еңбекқорларға барынша дәл келетін кеңес», — деді агенттік басшысы. Бұл жерде тек қана мемлекеттік органдар туралы ғана айтылған. Ал, жекеменшік кәсіпорындарда еңбек заңнамасы жыл он екі ай бұзылып жататыны белгілі. Олар 10-12 сағаттан тіпті сенбі, жексенбі күндері де жұмыс істейді. Сонда оларға еліміздегі еңбек заңының қатысы болмағаны ма?..

МИНИСТР ОРТАҚ ВАЛЮТАҒА ҚАРСЫ ШЫҚТЫ

Ұлттық экономика министрі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге ортақ электронды ақша енгізу туралы ұсынысқа қарсы шықты.

— Электронды валютаны қолдамаймыз. Бұл менің жеке және саясатта жүрген адам ретіндегі ұстанымым. Ұлттық валюта — Әнұран, Ту, Елтаңба сынды егемендігіміздің символы.



Оны қолдан келгенше қорғап, сақтауымыз керек», — деді Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов.

Ресейдің Ұлттық төлем кеңесі өзара сауда-саттықта еркін есеп айырысу үшін ортақ электронды валюта енгізуді ұсынған еді. Даулы бастаманы көрші елдің Қаржы министрлігі қолдап шықты. Ал Қазақстаннан басқа одаққа мүше Беларусь, Армения мен Қырғызстан да ортақ валютаны аса қолдап отырған жоқ. Кремльдің еуро секілді бірінғай ақшаға құмартуы бұл алғашқы рет емес.

БІР КӨТЕРІЛГЕН БАҒА, ЕШҚАШАН ТӨМЕН ТҮСПЕЙДІ

ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов жаңа жыл қарсаңында азық-түлік пен өзге де тауар құнының өсуі мәселесіне пікір білдірді.

Осы орайда, ол сұраныстың артуы бағаның өсіміне алып келетінін атап өтті. «Бұл жағдай түсінікті, себебі біз нарықтық экономикада өмір сүріп жатырмыз. Тауарға сұраныс артқан сайын, баға үнемі жоғарылай береді. Бұл тұрғыда қонақ үйлерде жаз кезінде басқа баға қалыптасса, қыста баға керсінше төмендейді. Осы жағдайлар нарықтың ая-

сында қалыптасып отыр және оған дайын болу керек», — деді Тимур Сүлейменов тілшілерге. Министрдің атап өтуінше, азық-түлікті арзан бағамен сату үшін мемлекет тиісті дүкендерді ашуды жоспарламайды. «Егер де біз нарықтық жағдайда өмір сүргіміз келсе, онда біз оның оңтайлы тұстарымен қатар, бағаның өсуіне қатысты басқа да жақтарын қабылдауымыз керек. Қайталап айтамын, бұны министрлік те, Үкімет те істеп жатқан жоқ. Осы іс-қимылдар нарық субъектілеріне байланысты. Әрине, лимиттерді

елемейтіндер байқалса, біз оларды монополияға қарсы реттеу тетіктері арқылы жазаға тартамыз», — деді ведомство басшысы. Нарық заңын бәріміз де білеміз, бірақ оны сақтап жатқандарды көрмедік. Жалақы мен зейнетақы көтеріледі деген сөз шығысымен, тауарлар оның ішінде азық-түлік те бір күнде қымбаттап шыға келеді. Бір көтерілген бағаның қайтып төмен түскенін ешкім көрмейті. Бақылаушы орындар бағаның негізсіз өскенін бақылап бас ауыртпайды. Ол үшін тағы да Елбасының өзі тапсырма беруі керек пе, министр мырза?

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Алматыда Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының «Ұлы Даланың жеті қыры және қазақ әдебиеті» атты І пленумы болып өтті. Қаламгерлер алдында Қазақстан Жазушылар Одағы басқарма төрағасы Ұлықбек Есдәулет Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы мен оның қаламгерлерге қандай міндеттер жүктейтіні жайында мазмұнды баяндама жасады.

Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті, тұрмыстық салт-дәстүрі өзіндік жүріп өткен ғасырлар бойғы тарихымен сабақтасып өрбігені белгілі. Ұлы даланы мекендеген ұлы халықтың өзгелерге ұқсас мәдениеті мен ұлттық озық салт-дәстүрі сонау ықылым заманнан жер жүзіндегі көптеген ұлттардың назарын ерекше аударып келген және содан үлгі алып, өз тұрмысына енгізіп қолданған. Бұл туралы әлемдік деңгейдегі



тарихшылар мен ғалымдардың еңбегінен көруге болады.

Қазақ халқының тарихы мен қазақ тілінің тұтастығы, мемлекеттік тіліміздің мәртебесі мен қолданысы жайында жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы ашық пікірін білдірді. Елбасының мақаласында айтылған пікірлерді Түркі әлемімен байланыстырған ғалым Құлбек Ергөбектің сөзі де қаламгерлердің көкейінен шықты. Сол сияқты жазушылар Қабдеш Жұмаділов, Серік Қирабаев, Қажығали Мұхамедқали, Татьяна Фроловская және өзге де

қаламгерлер өз ойларын ортаға салды. Пленум соңында талқыланған тақырыпқа орай Қазақстан Жазушылар одағы атынан үндеу қабылданды.

Сонымен бірге басқарма төрағасының орынбасары Ақберен Елгезек қаламгерлерді Жазушылар одағының Жарғысына ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларды таныстырып дауысқа салды. Өзгерістер мен толықтыруларды басқарма мүшелері бірауыздан қабылдады.

ТӨМЕНДЕГЕН ТАРИФТИҢ ТҮРІ ОСЫ МА?

ҚР Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің айтуынша, ағымдағы жылы 20 желтоқсанға дейін бірқатар өңірлерде коммуналдық тарифтер төмендетілді. «Мәселен, Ақмола облысында жылудың бағасы бір шаршы метрі үшін 116,1 теңгеден 73,4 теңгеге түсті. Сол сияқты Жамбыл облысында сумен жабдықтаудың құны бір текше метрі үшін 52,3 теңгеден 40,8 теңгеге арзандады. Бұдан бөлек, электрэнергия, газ бен суды бұру қызметтері де біршама төмендеді. Ал келесі жылдан бастап барлық аймақтардың тұрғындары коммуналдық тарифтердің арзандағанын байқайтын болады. Осылайша, Алматы қаласында орташа ауданы 60 шаршы метрді құрайтын екі бөлмелі пәтердің қазіргі төлемәкісі 14 483 теңге болса, келесі жылдан бастап аталған төлем 13 128 теңгеге төмендейді. Сөйтіп, бір айда 1 353 теңге үнемделеді. Сол сияқты Астана қаласында екі бөлмелі пәтердің коммуналдық төлемдері 10 666 теңгеден 9 604 теңгеге дейін түседі», — деді С.Жұманғарин Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында. Оның сөзіне қарағанда, Шымкент қаласында пәтердің



иелері 1 340 теңгені үнемдесе, Ақтөбенің тұрғындары 1 068 теңгені өздеріне қалдыра алады. Өскемндіктер — 313 теңгені, тараздықтар — 806 теңгені, оралдықтар — 1 035 теңгені, қызылордалықтар — 865 теңгені, ал Петропавл қаласының тұрғындары екі бөлмелі пәтердің коммуналдық қызметтерін 383 теңгеге аз төлейді.

Осы тектес мәліметпен танысқан тұрғындар «Төмендеген тарифтің түрі осы ма?» деген сұрақтарын тура қойып жатыр. Бір қарағанда тариф сәл төмендегенмен, бұл әлі де тым жоғары баға, шын мәнінде күлкілі жағдай. Бізде шығарылған өнімнің өзіндік құны мен жеткізу қызметінің нақты бағасын есептеп шығаратын мамандар қалмаған ба? Қосымша құнның да шегі болатынын ұмытқан сияқтымыз. Бұл кәсіпкерлердің төбетін тыюға берген Елбасының тапсырмасын орындадық деп есеп беру үшін ғана жасалып отырған айла-шарғыға қатты ұқсайды.

Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәдуақас Байғабылов көпқабатты үйлер шатырларына ұялы байланыс антенналарының орнатылуына қатысты елорда тұрғындарының шағымдарына өз пікірін білдірді. Оның айтуынша, қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы Kcell, ALTEL, Beeline және басқа да ұялы байланыс операторларының құрылғыларынан электромагниттік сәулелердің бөлінуіне үнемі мониторинг жүргізіп келеді. Дегенмен қауіп-қатер де жоқ емес...

адам денсаулығына зор нұқсан келтіреді. Әсіресе қан қысымын көтеріп, жүрек, обыр және басқа да ауруларды қозғайды. Бұған медицина саласы мамандарының да келтірген дәлелдері жеткілікті. Басқасын былай қойғанда, өз тұрмысымыздан бір ғана мысал келтірелік. Ұялы байланыс болмай тұрғанда Алматы қаласында тарақандар адамдардың мазасын тұрақты алып келгенін байырғы тұрғындар жақсы біледі. СЭС қызметкерлері үйдің ең үстінгі қабатынан жер төлеге дейін улап, қанша тазалағанмен оны ешкім жеңе алмаған-ды. Бір апта өтпей тарақандар қайта қаптап кететін. Оларды ешқандай дәрі толықтай құрта алмай, әлсін-әлсін улауға тура келген-ді.

налды. Ал ақша жүрген жерде адамның денсаулығы айдалада қалатыны белгілі. Оны ойлап жатқан ешкім жоқ. Адамдар арам қатса да кәсіпкерлер ақша жасауы керек. Оны тексеретін орындар да бұған көзін жұмып қарайды. Өйткені олар да осы арқылы пайда көреді. Сәдуақас Байғабылов бұл қондырғылар қатаң бақылауда екенін айтып отыр. Дұрыс, бақылауда ұстау қажет, оған ешкімнің қарсылығы жоқ. Бірақ мындағы антенналарды олар қалай бақылауда ұстамақшы? Ол түгіл тариф бағаларына ие бола алмай отырған елде, бір қарағанда өз бетімен қаңқиып тұрған қайдағы бір антенналарды кім күнде тексеріп жатыр дейсіз. Ол үшін

Жұмыр жерді жайлаған мемлекет атаулы қазір мұнай өндірісіне ерекше көңіл бөліп отырғаны белгілі. Төрткүл дүниені табындырған доллардың өзі осы мұнайдың бағасына байланысты құбылатын болды. Құдайға шүкір, қазба байлықтың бұл түрі бізде баршылық. Соның арқасында пайда тауып, ел экономикасы қалыпты жағдайда тұрақталып отырғаны да жасырын емес. Аталмыш сала бойынша елімізде отандық және шетелдік көптеген компаниялар жұмыс істеп жатыр. Солардың бірі – «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

АШЫҚТЫҚ ПЕН ҚАШЫҚТЫҚ ЕЛІМІЗДЕГІ КӘСІПОРЫНДАР «ТЕҢІЗШЕВРОЙЛДАН» ҮЛГІ АЛУЫ КЕРЕК

Биыл бұл компания өзінің 25 жылдық мерейтойын кеңінен атап өтті. «Теңізшевройл» (ТШО) Қазақстан мен «Шеврон» компаниясы арасындағы келісім негізінде 1993 жылы 6-сәуірде құрылған-ды. Үлестік ара салмағы – «Шеврон» – 50, «ҚазақМұнайГаз» – 20, «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк» – 25, «ЛукАрко» – 5 пайызға иелік етеді. Тек қана осы Теңіз және Королев кеңіштерінен алынатын мұнай қоры 1,37 млрд. тоннаға дейінгі мөлшерде. ТШО 2008 жылы шикі газ айдау және «Екінші буын зауыты» жобасын аяқтап, тәулігіне 75000 тонна мұнай, 22 млн. текше метр табиғи газ өндіруге қол жеткізді. Үстіміздегі жылдың үш тоқсанында 21,5 млн. тонна немесе 171,3 млн. баррель мұнай өндірілді. Бұл мәлімет аталмыш компанияның жалпы өндірістік көрсеткіші. Осы арқылы ТШО қанша пайда тауып жатқанын бағамдауға болады. Сол табыстың Қазақстанға қанша қаржы әкеліп жатқанын да айта кетелік. 1993 жылдан бастап 2018 жылдың 30 қыркүйек айына дейін ТШО-ның Қазақстанға тікелей қаржы төлемдері 132 млрд. АҚШ долларын құраған екен. Бұған жергілікті қызметкерлерге төленген еңбекақы, қазақстандық тауар өндірушілер мен жабдықтаушылардың өнімдері мен қызметін сатып алуға жұмсалған қаржы, мемлекеттік кәсіпорындарға аударылатын тарифтер мен төлемдер, қазақстандық серіктестіктерге бөлінетін тиісті дивидендтер, мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялти түріндегі түрлі төлемдер кіреді. Ал 2018 жылдың алғашқы үш тоқсанында ТШО-ның Қазақстанға төлеген тікелей қаржы көлемі 7,2 млрд. доллардан асты. Бүгінгі күні ТШО-дағы қазақстандықтардың саны 81,8 пайыз деңгейіне жетті. Ал 1993 жылы небары 50 пайыз болатын. Компаниядағы қазақ басшылар мен жетекші мамандардың үлес салмағы 62,4 пайыз. Бұндай көрсеткішті бізде істейтін шетелдік бірде-бір компаниядан таба алмайсыз.

Компанияның еліміздің әлеуметтік саласына қосқан үлесі де мол. Алғашқы күннен бастап жергілікті тұрғындардың игілігі үшін Атырау облысының әртүрлі әлеуметтік жобаларына 1,6 млрд. доллар қаржы құйған. Тіпті, арнайы «Игілік» атты ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасын да іске қосқан. Биылдың өзінде осы бағытқа 25 млн. доллар аударған. Бұл қаржы Атырау облысындағы балабақшалар, мектептер және басқа да нысандар құрылысына жұмсалуда. Оған қоса биыл аймақтағы білім беру мен кәсіпкерлікті дамыту мақсатындағы инвестициялық бағдарламаларға 1 млн. доллардан астам қаржы бөлінген.

Ең бастысы – «Теңізшевройл» өз жұмысын қашан да ашық жүргізеді. Жылына екі рет компанияның бас директоры мен мамандары арнайы келіп, Алматы қаласында БАҚ өкілдерімен кездесіп, жарты жылдықта атқарылған

жұмыстары жайлы баяндайды. Бұл жай ғана кездесу емес, халық алдында есеп беру деген сөз. Оған қоса республикалық басылымдар өкілдеріне бейнеэкскурсия ұйымдастырып, өндіріс аландарымен таныстырады. Жол мен өзге де шығындарды өз мойнына алады.

Компанияның бұрынғы директоры Тед Этчисонның орнына жаңа басшы Имер Боннер келуіне байланысты биылғы кездесу әдеттегіден ертерек өтті. Т. Этчисон көп жылдарғы серіктестік үшін қазақстандықтарға алғысын айтып, Имер Боннер ханымды өзі таныстырды. Бұл білгендіктің белгісі дер едік. Өндірісі апаттан көз ашпаған, жұмысшылардың жанайқайына құлақ түрмейтін «АрселорМитталТеміртау» компаниясының иесі Лакшми Миттал сияқты Лондонның төрінде жатып алса не дер едік? Қазақстанның жер қойнауын сүліктей сорған шіріген бай Миттал журналистермен кездеспек түгіл кәсіпорынның маңайына жолатпайды. Қарапайым журналистерді былай қойғанда Елбасының өзі жасаған ескертулерге де пысықып қарамайды. Құдды бір қазақтың еркетотай жиеніндей. Бұл біздегі басқа да отандық және шетелдік компанияларға қатысты пікір. Қай кәсіпорын тым болмаса жылына бір рет халық алдында есеп беріпті?

Кездесу барысында журналистер өндіріске қатысты көптеген сұрақтар қойып, нақты жауаптар алды. Бір басылымның өкілі «Бұл кездесуді журналистер үшін емес, халық алдында есеп беру деп түсінеміз. Мен бұл жолы сұрақ емес, өтініш айтқым келіп тұр. Сіздер біздегі көптеген шетелдік және отандық кәсіпорындармен байланыс жасайсыздар, тәжірибе алмасып жатасыздар. Өтініш – соларға ашық жұмыс істеу мен халық алдында есеп беру тәжірибелеріңізді таратсаңыздар екен» деген ойын білдірді. ТШО-ның Үкімет және жұртшылықпен байланыс жөніндегі бас менеджері Рзабек Артықалиев: – «Рас біз көптеген кәсіпорындармен тәжірибе алмасамыз. Озық тәжірибемізді көрсетуден бас тарпаймыз, мүмкін болса қажетті тұстарды олардан да үйренеміз. Егер олар бізден үйренуге құлық танытпаса не істей аламыз? Оларға біздің өміріміз жүрмейді» – деп нақты жауап берді.

Білікті, тәжірибелі маман дұрыс айтады. Біздегі көптеген кәсіпорын басшылары ашық болғаннан гөрі халықтан қашық болғанды ұнатады. Ашықтық болған жерде ақиқат бар, анық ақпарат беріледі. Ал халықтан қашық болғандардың ісінде қатпар-қатпар құпия мен күдік жүреді. Оның соңы жемқорлыққа ұласып, бірқатар лауазымдардың төмір тордың арғы жағынан бір-ақ шыққанына да талай рет куә болдық. Айтайын дегеніміз – жалған есеп беретін біздегі салалық министрліктер мен қаптаған кәсіпорын басшыларына «Теңізшевройлдан» ашық жұмыс істеуді үйренетін кез жеткен секілді...

АЖАЛ СЕПКЕН АНТЕННАЛАР

С. Байғабылов атап өткендей, ұялы байланыс антенналары санитарлық аумақ сақталмай орнатылған жағдайда, адамдардың денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін. «Мұның соңы бас ауруы, жүрек-қан тамырлары жүйесі ауруларына және гормоналды өзгерістерге де әкеп соғуы ықтимал. Балабақша, мектеп және интернат ғимараттарына антенналарды орналастыруға рұқсат берілмейді. Ал тұрғын үй және әкімшілік ғимараттардың шатырларына 100 Вт-тан астам қуаты бар таратушы антенналарды орналастыруға тыйым салынған. Өткен жылы елорда тұрғындарынан ұялы байланыс компанияларының антенналарының жұмысына қатысты 6 өтініш келіп түсті. Тексеру нәтижесінде ұялы байланыстың 17 антеннасы алынып тасталды», – деді С. Байғабылов. 2018 жылы ұялы байланыстың таратушы құрылғыларынан бөлінген электромагниттік сәулелерге 1557 өлшем жүргізілген. Электромагниттік сәуле рұқсат етілген деңгейден асырылса және рұқсат құжаттары жоқ болған жағдайда әкімшілік айыппұл салу және азаматтардың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін құралды алып тастау бойынша шаралар қабылданады», – делінген ведомство ақпаратында.

Бұл мәселе бұрыннан көтеріліп келе жатқаны белгілі. Кезінде Алматы қаласының деп ортасында орналасқан Қазақстан Суретшілер одағы ғимаратының төбесінде орнатылған осы құрылғы төңірегінде үлкен даудамай болғаны белгілі. Қыл қалам шеберлері бұл туралы телеарналар мен баспасөз арқылы антенналардың ажал сеуіп тұрғанын бірнеше рет айтқан болатын. Олардың пайымдауынша антенна орнатқан соң әріптестерінің денсаулығы нашарлап, аурулары асқынып, тіпті адам өліміне жеткізген көрінеді. Сол сияқты әлемдік деңгейдегі бірқатар білікті мамандар антеннадан тарайтын электромагниттік сәуле адам өміріне өте қауіпті екенін ескертіп, ғылыми дәйектер келтіргенін де білеміз. Физикалық заңдылықтар өтірік болмаса бұл аталмыш сәуле шынында да



Ол кезде санитарлық қызмет жоғары деңгейде жұмыс істегенін толықтай мойындауымыз керек. Бүгінгі күні сол құжынаған тарақандар тірі болса қаланы басып кететін еді. Өйткені, қазір қызметтің бұл түрінің аты бар да заты жоқ. Оны ашық айтуымыз керек.

Айтайын дегеніміз, елімізге ұялы байланыс келгеннен бері сол тарақандар жоғалды. Тарақандардың тұқымын түздей құртқан электромагниттік сәуленің адамның да денсаулығына тигізетін зияны бар екенін осыдан-ақ көруге болатын шығар. Соған қарамастан, осы саланы иемденген кәсіпкерлер мен бақылау жасаушы орындар: «Оның адамға бөлгендей зияны жоқ, мөлшерін тексеріп отырмыз» деп өтірік айтып, бұл маңызды мәселені жылы жауып қоя салды. Тағы бір айта кететін жағдай, әлемде жердің серіктес стансаларын алғаш ұшырған, сол арқылы ұялы байланыс бірінші болып Кенестер одағында іске асырылғанын жұрттың көбісі біле бермейді. Рас, оны тек қана әскери салада ғана қолданып келді. Біріншіден, оған сол кездегі «қырғиқабақ соғыс» саясаты әсер етсе, екіншіден, оны кеңінен қолдану адамдардың денсаулығына зиян екені ескерілді. Әскери бөлімдердегі қабылдағыш байланыс құралдарды қалың бетон қабырғалы бөлмелерде орналастырып, әскерилердің денсаулығын сақтауға тырысқан. Ал антенналар айдалада, елді мекендерден алыс орнатылатын. Оған қоса ол маңға адамдар түгіл малды да жақындатпайтын, арнайы әскери күзет қойылатын.

Бүгінгі жағдай мүлдем басқа, байланыс бизнес көзіне ай-

алдында айтқанымыздай үлкен айқай-шу шығару қажет. Түрлі орындарға арыз жазып, табан тоздыруға тура келеді. Бөлінетін сәуле үнемі бір қалыпта тұрмасы белгілі, қолданыс аясына қарай оның күші де арта түспей ме?

Осыған байланысты тағы бір мысал келтіре кетейік. Алматы қаласы Алатау ауданына қарасты әрі кетсе 2 мың түтіні бар «Ұлжан» атты шағын ғана ықшамауында осындай екі бірдей антенна орналасқан. Аумағы ат шаптырым ғана елді мекен тұрғындары оған мән беріп те жатқан жоқ. Түрлі аурулар мендегендер оны Құдайдың өзі берген сырқат деп жүре береді. Бұл жерде ауласына осындай құрылғыны орнатуға рұқсат берген үй иелері айына 60-80 мың теңге табыс табады. Яғни, жатып алып бір айлық жалақыны жамбасына басады деген сөз. Оларды да кінәлауға болмас. Бірақ, олар осы ақшаға ауру сатып алып жатқанынан әрине бейхабар. Өздерін ғана емес, қасындағы көрші-қоланға да қауіп-қатер төндіргенін білмейді.

Бұл бір ғана қалаға қатысты жағдай емес. Аралап шықсаңыз еліміз бойынша осыған ұқсас көріністерді жиі көресіз. Тіпті, жері бос жатқан аудандарда жаңағы антенналарды ауылдың түбіне әкеліп құрғанын байқауға болады. Сонда осыны орнатқан сала басшылары адамдардың жағдайын мүлдем ойламағаны ғой, оны бақылауға тиісті орындар қайда қарап отыр? Ол үшін кім жауап беру керек? Сондықтан, бұл мәселені жылы жауып қоймай, бейтарап білікті мамандарды тартып, тыңғылықты зерттеулер жүргізіп, жоғарғы деңгейде қайта қарастыру қажет.

ПОЧЕМУ ЧИНОВНИКАМ – РОСКОШНЫЕ КВАРТИРЫ ЗА ГОССЧЁТ?!

Партия «Ақ жол» требует навести порядок с выделением чиновникам служебного жилья – соответствующий депутатский запрос фракции озвучила 19 декабря 2018 года на пленарном заседании Меруерт Казбекова.

**ПРЕМЬЕР-МИНИСТРУ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
САГИНТАЕВУ Б.А.**

Уважаемый Бакытжан Абдирович!

Фракция «Ақ жол» ранее уже неоднократно обращала внимание на безмерные аппетиты чиновников и их любовь к роскоши, за которую почему-то должны расплачиваться налогоплательщики.

Так, мало-мальски значимые начальники на местах вплоть до директора колледжа и облфилармонии приобретают шикарные джипы и представительские седаны, не говоря уже об акиматах.

Теперь в текущем году один за другим всплывают злоупотребления уже и с жилищными привилегиями за госсчёт.

Буквально на неделе завершился скандал с приобретением в Павлодаре квартиры площадью 230 м², стоимостью около 50 миллионов тенге и ещё пяти квартир повышенной комфортности общей стоимостью 226 млн. тенге.

И как выясняется, этот случай не единственный, а всего лишь верхушка айсберга.

В сентябре т.г. акимат города Атырау приобрел пятикомнатный жилой дом с мебелью за 58 млн тенге.

82 миллиона тенге потрачено на два элитных жилых объекта в Усть-Каменогорске, из которых, один лот – это пятикомнатная квартира с потолками в четыре метра и площадью 260 квадратов за 45,3 миллиона тенге, другой лот – это четырехкомнатная квартира в 210 квадратов за 37 миллионов.

Управление жилья и жилищной инспекции Шымкента объявило конкурс на покупку пяти суперкомфортабельных «служебных» квартир, на каждую из которых выделили по 43 млн тенге.

В Кокшетау акимат приобрел четырехкомнатную квартиру в 145 квадратов за 40 млн тенге.

В городе Аксай Западно-Казахстанской области даже не на приобретение жилья для акима района, а на ремонт его особняка из бюджета выделили 24 млн тенге.

Очередной аким, уже Жамбылского района Алматинской области, планировал приобрести жилье площадью 180 кв.м, с просторным паркингом и персональной парной, за ни много ни мало 35 млн тенге, при том, что по сведениям журналистов, самый дорогой особняк в этом посёлке Узынагаш стоит не более 20 млн тенге.

Это только те факты, которые стали известны прессе и обществу.

А сколько их в действительности по всем городам и районам, можно только предполагать. Как и то, сколько из этих объектов приобретались по реальной цене, а сколько

использовались для хищений по завышенным ценам.

На фоне того, что тысячи простых граждан отказывают себе во всём ради выплат по ипотеке и даже программа «7-20-25» подразумевает ограничения по стоимости квартир, и обязательность платежей – на этом фоне стремление некоторых чиновников жить в шикарных условиях, ни в чём себе не отказывая, вызывают справедливую критику.

Тем более что нельзя исключать и последующую приватизацию таких объектов проживающими в них чиновниками также на льготных, ими самими же установленных, условиях.

Фракция «Ақ жол» считает, что вопрос приобретения чиновниками служебного жилья за госсчёт не может оставаться на их личное усмотрение и должен быть регламентирован ценовыми параметрами и допустимой площадью такого жилья.



Например, по программе «7-20-25» для того же Павлодара установлена максимальная цена жилья в 15 млн., тогда как акимат счёл возможным приобрести для себя квартиры в 3,5 раза дороже.

На основании изложенного, уважаемый Бакытжан Абдирович, фракция «Ақ жол» просит принять следующие меры:

1) Провести проверку государственных органов и бюджетных организаций на предмет соответствия приобретаемого служебного жилья соображениям элементарного приличия и рачительного использования бюджетных средств, включая случаи и условия приватизации такого жилья в личное пользование. Об итогах проверки информировать Парламент и общество.

2) В случае выявления нарушений, выходящих не только за рамки закона, но и за требования этики, привлечь виновных к ответственности.

3) Установить твердые критерии обеспечения государственных служащих служебным жильем, например, взяв за основу параметры государственной программы «7-20-25», либо исходя из стандартов обеспеченности жилой площадью на члена семьи;

4) Предусмотреть право государственных служащих, при желании иметь более комфортабельное и просторное жильё, реализовывать такие желания за счет собственных средств.

**С уважением,
Депутаты фракции «Ақ жол»**

«АК ЖОЛ» ПРЕДЛОЖИЛА ЭФФЕКТИВНОЕ ПРОВЕДЕНИЕ НАЛОГОВОЙ АМНИСТИИ

Фракция «Ақ жол» направила в правительство предложения для эффективного проведения налоговой амнистии – соответствующий депутатский запрос озвучен 6 декабря 2018 года Екатериной Никитиной.

«В настоящее время все усилия Парламента и Правительства РК направлены на реализацию Послания. Чтобы бизнес мог работать с чистого листа, Президент поручил провести налоговую амнистию для МСБ. Налоговая амнистия не только предоставит возможность предпринимателям возобновить законную деятельность, но и защитит бизнес от неправомерного административного давления. Списание пени и штрафов с предпринимателей, уплативших основную сумму налога, сегодня одна из самых обсуждаемых бизнесом инициатив Главы государства», – говорится в запросе.

Никитинская приводит данные Минфина, согласно которым

на начало октября доля пени и штрафов составляет 40% от общей суммы налоговой задолженности МСБ. При этом, сумма пени (111 млрд) почти в 20 раз превышает сумму штрафов (5,8 млрд). В «Ақ жол» считают, что это свидетельствует о явно избыточном сроке давности по таким претензиям, а также об их возникновении задним числом.

Иными словами, инициатива Президента о налоговой амнистии вновь актуализировала необходимость немедленного сокращения срока исковой давности по налогам с 5 до 3 лет, на чём неоднократно настаивала фракция «Ақ жол».

Как известно, 18 октября Минфин сообщил об основных под-

ходах к проведению амнистии, и сегодня пакет нормативно-правовых документов, определяющих порядок проведения налоговой амнистии, проходит процедуру согласования в госорганах. В этой связи Никитинская привела высказывание британского миллиардера Ричарда Брэнсона: «Внимание к деталям в огромной степени определяет успешную реализацию бизнес-идей».

Депутат отметила, что в ходе обсуждения Послания в партию «Ақ жол» от бизнес-сообщества поступил пул предложений, позволяющих повысить эффективность планируемых административных мер и обеспечить полномасштабность финансового оздоровления МСБ.

В этой связи депутаты «Ақ жола» считают необходимым при проведении налоговой амнистии обеспечить легитимное решение следующих вопросов:

- предусмотреть порядок списания пени и штрафов в случаях уплаты задолженности по налогам не только через прямое поступление денежных средств, но и методом зачета;

- включить в число налогоплательщиков, подлежащих налоговой амнистии, МСБ, осуществляющий добычу общераспространенных

полезных ископаемых (по информации, из этой группы предполагается амнистировать только пользователей воды и лечебных грязей, что оставляет за бортом огромное количество предпринимателей, работающих в сфере дорожного строительства и производства стройматериалов);

- в случаях первоочередного изъятия сумм пени и штрафов в счет погашения налоговой задолженности на 10 октября т.г. предусмотреть возможность их зачета в счет уплаты основного долга с последующим снижением пени и штрафов;

- освободить от уплаты пени и штрафов субъектов МСБ, допустивших нарушения до 1 октября т.г., но по которым срок добровольной уплаты еще не истек, при условии оплаты данными налогоплательщиками основной суммы налогов;

- определить условия списания пени и штрафов, начисленных по результатам налоговых проверок и находящихся по состоянию на 1 октября в стадии обжалования;

- рассмотреть специальные механизмы списания пени и штрафов для налогоплательщиков, проходящих процедуру реабилитации либо урегулирования неплатежеспособности, поскольку их налоговые

задолженности являются отсроченными и по этой причине могут быть не включены в список, подлежащих налоговой амнистии.

Кроме того, Никитинская обратила внимание, что в территориальных органах госдоходов с 2001-2002 гг. числятся задолженности физлиц по НДС, социальному налогу, ИПН, взимаемого у источника и т.п. Налоговые органы не могут их взыскать, т.к. отсутствуют документы, на основании которых были начислены данные суммы. Официальное списание данных сумм создаст возможность вхождения в малый бизнес дополнительного числа физлиц.

Фракция «Ақ жол» в очередной раз ставит вопрос о сокращении срока исковой давности по налогам с 5 до 3 лет не с 2020-го, а начиная с текущего финансового года. Тем самым государство сможет устранить не только последствия, но и одну из важных причин, приводящих к неплатежеспособности малого и среднего бизнеса.

В «Ақ жол» уверены, что вышеперечисленные предложения будут способствовать более качественно исполнению поручений Президента по налоговой амнистии.

Ұлтымыздың ары саналатын қыздарға он алты жастан түсік жасатуға рұқсат беру – болашағымызға балта шабумен бірдей. Әлі оң-солын танымаған, психикасы жетілмеген жас қыздарға «білгеніңді істе» дегендей, түсік жасатуға рұқсат беру – мектеп жасында жыныстық қатынас жасауға рұқсат берумен тең әрекет. Әрі бұл – ұлттық тәрбиені бұзатын қадам екені де анық. Қызын аялап тәрбиелеп отырған әрбір отбасы бұл шешімге қарсы болады деп ойлаймын. Жасанды түсік жасатуға он алты жастан рұқсат беру – жастарды жыныстық қатынас жасауға итермелейді деп ойлаймын. Әлі ана сүті аузынан кетпеген, өмірдің не екенін білмейтін бозбала мен бойжеткен: «түсік жасатуға болады, бәрібір емес пе?», деген оймен жыныстық қатынасты ұялмай жасайтын болады.

ЕЛ БОЛАШАҒЫНА БАЛТА ШАБУМЕН БІРДЕЙ

Бірте-бірте мектеп жасындағылар заңға сүйеніп, жыныстық қатынасты жиі жасайтын жағдайға жетеді. Заң қыздарға он алты жастан бастап жасанды түсік жасатуға рұқсат беріп тұрса, қыздан – ар, ұлдан ұят кетеді. Өйткені, жыныстық қабілеті жетілген жас адамға әлі көріп білмеген жыныстық қатынас қызық сияқты көрініп, соны жасауға тартып тұратыны табиғи құбылыс екені белгілі. Он алты жастан бастап қыздарға жасанды түсік жасатуға рұқсат беру – он алты жастан жыныстық қатынасты заңдастырумен бірдей. Ары қарай, «қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дегендей, жасөспірімдер ар-ұяттан мүлде айырылады. Ал, жоғалған ұятты орнына келтіру ұлт үшін мүмкін емес жағдайға әкеліп тіреуі де ықтимал.

Жыныстық қатынасқа түскен жас қыздар жасанды түсік жасата берсе, медицина тілімен айтқанда, олар болашақта ана болу бақытынан айырылады екен. Медицинада төрт түсіктің біреуі ғана қауіпсіз дейді. Аяғы ауыр он алты жастағы қыз ата-анасының келісімінсіз өзі шешім қабылдап, түсік жасататын болса, отбасы құндылығы бұзылады. Мұндай заң бір отбасы болып отырған ата-ананың, баланың біреуінің басына түскен қиындықты бәрі бірігіп шешу мүмкіндігіне сына қағады. «Ойнақтап жүріп от басқан» қыз бала: «өзім білемін» деп, мәселесін ата-анасымен ақылдаспай өзі шешіп отырса, отбасы өміріндегі ұыздай ұйып отырған татулықтың, бауырмал қарым-қатынастың, ата-ана мен бала арасындағы махаббаттың күл-талқаны шығады. Сонда мұндай заңнан қазақ не ұтады? Он алты жастағы қыз өз мәселесін өзі шешсе, отбасындағы ата-ананың рөлі, парызы қайда

қалады? Дәл осы заң іске асса, «ойнақтап жүріп от басқан» қыз әке-шешесін құрметтемейтін жағдайға жетуі мүмкін. Өз «күрмеуін» өзі шешетін қыз қай ата-анаға сүйкімді көрінеді?! Бір жағынан, мұндай заң, сорлаған қызды өзіншілдікке тәрбиелесе, екіншіден, ұрыс-керіс, түсініспеушілік салдарынан отбасынан айырылуына әкеліп тірмей ме? Заңға арқа сүйеген қыз: «түсік жасатамын» деп, бет бақтырмай тұрса, қызының болашағын ойлаған ата-ана өз перзентіне ақылын тындата алмай қор болса, шаңырақтың шырқы бұзылатыны анық.

Әрбір заңның шаңырақты сақтауға, ұлттық тәрбиені қалыптастыруға, отбасы өмірі құндылықтарының өміршеңдігін дәріптеуге кері әсері болмауы керек деп есептеймін.

Елді бүйтіп шулатқанша, жасөспірімдерді мектеп табалдырығынан бастап отбасы институтына тәрбиелейтін ұлттық идеологияны қолға алу керек деп ойлаймын. Жасөспірім қыздар түсік жасатып, кейін күйеуге шыққанда ана бола алмай жүрсе, қазақтың демографиялық өсіміне үлкен қауіп төнеді. Сонда мұндай заң кімге керек?

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2017 жылы республика бойынша 1000 әйелге шаққанда 17,7 пайыз түсік жасалыпты. Олардың басым бөлігі репродуктивті жастағы он сегіз бен жиырма бес жас аралығындағы қыздар екен. Сондай-ақ, он бесон тоғыз жас аралығындағы бір мың бойжеткеннің отыз алтысы босанған. Интернетте Қазақ елінде жасөспірімдердің 70 пайызы жыныстық қатынас жасаумен айналысады деген ақпараттар кездеседі. Мен дәл осы ақпаратқа сене алмаймын. Келесі бір ақпаратта Қазақстанда 2017



жылы үш жарым мың жасөспірім қыз жүкті болыпты деп жазады. Елдегі барлық жасөспірімдердің 70 пайызы мен үш жарым мың қыздың айырмашылығы сәйкес келмейді. 70 пайыз деген сұмдық көрсеткіш қой! 10-15 пайыз десе қисынға келеді. 70 пайыз деген тұтас қазақ халқына күйе жағу үшін біреулердің ойлап тапқан ақпараты сияқты. Керісінше, интернетте қыздарға он алты жастан бастап түсік жасатуға рұқсат беруге қарсы пікірлер өте көп жазылған. Ал, мектеп оқушыларына мүшекап таратуды қолға алу – «бәрін жаппай жыныстық қатынас жасап, білгендерінді істендер» деген көзқарасты білдірмей ме? Қысқасы, қыздарға он алты жастан түсік жасатуға рұқсат беру – біздің ділімізге, дінімізге, ұлттық тәрбиемізге және болашағымызға қарама-қайшы келетін шешім. Сондықтан, қыздардың тағдырын шешу құқығын заң жүзінде ата-ананың құзырында қалдырған абзал.

Түсік жасату – мәселені шешудің нақты жолы емес. Елімізде жасөспірімдерді жыныстық сауаттылыққа үйрететін арнайы бағдарламалардың қолға алынбағандығынан осындай мәселеге тап болып отырмыз. Қыздарға он алты жастан түсік жасатуға рұқсат беруге ешқандай қақымыз жоқ. Өйткені, қыздар – болашақ аналар. Ал, аналар – ұлттың алтын діңгегі. Мен осы мәселеге орай мынадай ұсыныстар айтар едім.

1. Жүкті болып қалған жас қыздар балаларын ата-аналарына айтуға ұялып, көшеде туып тастап кетпеуі үшін Үкімет олардың репродуктивті денсаулығын қадағалаумен, сауықтырумен айналысатын кешенді жасөспірімдер орталығын әр қалада, әр ауданда, әр аймақта міндетті түрде ашып, түбегейлі жұмыс жүргізуі керек.

2. Алланың қалауымен пайда болған шарананы түсікпен өлтіргенше, бөбектер үйін көбірек ашу қажет.

3. Кешенді жасөспірімдер орталығы міндетті түрде мектептегі жасөспірімдермен және отбасы институттарымен, бөбектер үйімен тығыз байланыста жұмыс жүргізуі үшін олардың қызметін арнайы үйлестіретін заң қабылдануы керек.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің әлемдік медициналық тәжірибеге сүйеніп, он алты жасқа толған қыздарға ата-анасының келісімінсіз-ақ қолдан түсік жасату (аборт) туралы ұсынысын естіп, жағамызды ұстадық. Бұл ұсыныс заңдастырылса – бұл ұлттық қауіпсіздігімізге орасан қауіп-қатер төндірерді.

ӨРІМДЕЙ ҚЫЗДАРҒА ТҮСІК ЖАСАТУДЫ ЗАҢДАСТЫРУ – ҰЛТТЫҚ ҚАСІРЕТ

Министр тәжірибесіне сүйеніп отырған Батыс елдерінде аборт мәселесі демократия, әлеуметтік әділеттік, адам құқықтары ретінде қарастырылатынын жақсы білеміз. Алайда, қандай да өркениетті елдердің тәжірибесі болсын аборт мәселесі – ұлттық мүдде мен мақсат-мұраттардан жоғары тұрмауы қажет.

Жасанды түсік жасату – ұлттық қауіпсіздігімізге қасірет болса, медициналық тұрғыда зиян, діни тұрғыда ауыр күнә және қазақи сана- болмысымызға қайшы. Ежелгі медицина тарихына үңілсек, медицина атасы Гиппократ жасанды аборт жасау, түсік тастау заңсыз деп есептеген. Гиппократ мектебінен шыққан ол кездегі дәрігерлер: «...мен ешқашан да түсік тастауға дәрі-дәрмек қолданбаймын» деп ант берген.

Дәрігерлердің пайымдауынша, түсік жасатқан қыздар екінші рет жүкті болу мүмкіншілігінен 20% -ға айырылатынын айтады. Мұны «Екінші бедеулік» деп атайды. Тіпті, бала көтергеннің өзінде кемтар сәби өмірге келетіні ғылыми тұрғыда дәлелденген. Жасанды түсік жасаған әйелдер медициналық тәсілмен шарананы алдыртып құтылғанымен, айықпас дерт жамайды екен.

Аборт жасауды қолдау – ұлттық өсімімізді тежейді. Қазақстан демограф ғалымдардың зерттеуінше, қазақтың соңғы жылдары баяу өсуіне, бір жағынан түсік жасатуда үлкен кері әсерін тигізеді екен және олар аборт жасауға қарсы үнемі дабыл қағып келеді.

Жасанды түсік жасату – күнәнің ең ауыры. Ислам дінінде себепсізден себепсіз дүниенің есігін ашқалы тұрған сәбидің өміріне түрлі амалдар арқылы балта шабу – аса ауыр күнә саналады. «Әнғам» сүресінде, 151-аят былай делінген: «Жарлылықтан балаларынды өлтірмеңдер. Сендерді, оларды біз ризықтандырамыз».

Міне, осыны, дүниеге келген әр сәбидің өз ризық, несібісі болатынын бойжеткен қыздарға аборт жасауды заңдастыруды ұсынған министр түсінсе екен дейміз. Сондай-ақ, қасиетті Құран Кәрімде («Шура» сүресі, 49-50): «Алла қалаған пендесіне қыз береді, қалаған пендесіне ұл береді. Қалаған пендесіне ұлды да, қызды да нәсіп етеді. Сондай-ақ қалаған пендесін бедеу қылады» деп айтылған. Яғни, бала сүю – Алланың берген үлкен сыйы екенін ұмытпаңыз!

«Бір қозы туса, бір түп жусан артық өседі» деген накылды ұстанған қазақ әр сәбидің өз несібісімен дүниеге келетінін айтады. Сондықтан, әлеуметтік-қоғамдық жағдайға байланысты он алты жасқа толған қыз балаларға ата-анасының келісімінсіз жасанды түсік жасатуды заңдастыру – ұлтымызды жою және ұрпақ болашағына балта шабу деп бағалаймыз! Бүгінгі бойжеткен қыз – ертеңгі ана. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетуге тиісті сол болашақ аналарымызға аборт жасатып, болашақтарын бүлдіріп, тағдырларын тапталтуға, өмірлерін қорлатуға жол бермейміз!

Талғат ҚАТАУОВ,

БҚО Тәуелсіз кәсіподақ ұйымының төрағасы



Тақырып тырнақшаға алынбады, өйткені, тонау кәдімгі шын мәніндегі тонау. Әйтпесе, қазақтың қазба байлығының да іс жүзінде тоналып жатқаны, оның бар игілігін шетелдік компаниялар көріп отырғаны айтыла-айтыла жауыр болған дүние, сондықтан біз оған тоқталып жатпаймыз. Бүгінгі сөз қазба байлықтан да қымбат, шын мәнісінде баға жетпес қазынаны – қадым заманнан жеткен мазарлардағы тарихи жәдігерлерді кім көрінген, әсіресе шетелдіктер, ешқандай кедергі, тыйымсыз ашық тонап жатыр деп «Егемен Қазақстан» газеті осы жылдың 16 қарашасы күні «ҚР Парламентінің назарына!» деген айдармен Азамат Қасымның «Қорғансыз қалған қорғандар», Бекен Қайратұлының «Қара археологтар» қаптап жүр» деген мақаласын беріп, дабыл қаққаны жайлы болмақ. Бәріміздің илейтініміз бір терінің пұшпағы болғандықтан, әріптестеріміз өте өзекті мәселені көтерген екен, еліміздегі ең оқырманы көп «Қазақ үні» сайты мен бар қазақтың үніне айналған «Қазақ үні» басылымы арқылы біз де істің тезірек оң шешілуіне шамамыз келгенінше ат салысайық деген ойға келдік.

ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХЫ ТОНАЛЫП ЖАТЫР



Тарихи жәдігерлерді неге «баға жетпес құнды» дейміз? (Сөз реті келгенде айта кетейік, көп қазақ журналисі орыстың «бесценный» деген сөзін жоғарыдағыдай өз мағынасымен берудің орнына «бағасыз» деп жазып, асқан сауатсыздық танытып жүр...) Олай деуіміздің себебі мынау: «Металдан жасалған кез-келген көне бұйым ескерткіштің хронологиясын анықтауға септігін тигізіп қана қоймай, сол уақыттың әлеуметтік-экономикалық жағдайынан үлкен мәлімет береді» дейді мамандар. Расында солай! Мысалы, Алматының жасын ғалымдар қала аумағынан табылған бір түйір монета-теңге арқылы анықтаған жоқ па?!» деп жазады Б.Қайратұлы. Міне, сізге, бір ғана жәдігердің көтеріп тұрған жүгі!..

Ал, енді, тарихты тонап жатқандар кімдер десек, ол әдеттегідей, алдымен өзіміз

екен... Бұрын қазба жұмысқа Ә.Марғұлан атындағы археология институтында ғана лицензия болса, бүгін Мәдениет және спорт министрлігі археолог ретінде 5 жылдық еңбек өтілі бар кез-келген тұлғаға оңды-солды тарататындықтан, оны 100-ге тарта ЖК (ИП) және ЖШС (ТОО) иеленіпті, ал, бірақ, оларды бақылайтын арнайы ұйым жоқ екен. Бұрын Археология институты ғылыми жұмыс есебін қабылдаса, кәзір ол да жоқ. Лицензиясы бар тұлға қандай нысанды қазып, не алып жатқаны еш жерде тіркелмесе, археологтар тапсырыс берушіге ғана есеп берсе, ал, ол жеке тұлға немесе жеке компания болуы мүмкін болса, және қазып алған заттарын ешқайда өткізбесе, жұрт білгенін істемей қайтеді?!... Алматы облысында бір компания екі айда 170 қорғанды қазып тастапты.

Бұлар – өзіміз болсақ, металл

іздегіші бар шетелдіктерге тіпті тыйым жоқ екен. «Занда ескерткіштерді тонау қылмыс болып саналады» деп жазылған. Бірақ, нақты тетіктері қарастырылмаған. Ресейде металл іздегіш қару секілді тіркеуде тұрады, оны ұстауға арнайы лицензия алу керек. Дрон да тіркеуде. Күрек-сайманмен, қазу құралдарымен жүрген адамдар тексеріледі.

Ресейде 100 жылдан асқан көне затты қолда ұстау да қылмыс болып саналады. Музейге өткізуге міндетті. Біздердікі археолог емес, тонаушылар.

Бізге де заңды қатайту керек» депті жаны күйген жас археолог Ерден Оралбай.

Заңды қатайтатын кім? Дұрыс, Парламент. 16-қараша күні «Егеменге» қос мақала шықты дедік. Парламент не істеді? ҚР Конституциясының «заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент

депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады» деп жазылған 61-бабына сәйкес Мәжілістің кезектен тыс отырысын шақырды ма? Оған Үкіметтегі осы салаға жауапты тұлғаларды, сондай-ақ тәуелсіз сарапшылар мен заңгерлерді қатыстыра отырып мәселені жан-жақты талдады ма? Талдау қорытындысы бойынша нақты шешімдер қабылдады ма? Қайдаааааан... Бес күннен кейін шыққан «Ұлы даланың жеті қырын» жырлаумен айналысып кетті бәрі. Ал, сол «Ұлы даланың...» өзі ең алдымен тарихынды қорға деп тұрған жоқ па?!

25-қараша күні фейсбукта осы мәселеге байланысты біздің кішкентай постымыз жарық көрді. Басқа ешқандай реакция байқалмады. Тек 28-қараша күні Сенат отырысында бір ғана се-

натор Бірғаным Әйтимова бүкіл заң шығарушы билік атынан елдің жоғын, Абай атамыз айтқандай, «жоқтаған-ақ болайын-ай, жоқтамасам обал-ды» деген ойға келсе керек, Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаевқа осы мәселе бойынша депутаттық сауал жолдады.

Енді не болады? Не болатынын бәріңіз де болжап, дәлірегі айдан да анық көріп-біліп отырсыздар – Премьер-министр жеке депутаттық сауалдың мәртебесіне сәйкес, тиісті мерзім бітерге бір-екі күн қалғанда жұп-жұмыр, әдемі, бірақ, салмағы жоқ «шығарып салма» жауап береді. Сонымен екі жақ та өз міндетін абыроймен атқарып, көңілдері тоғаятын болады.

Ал, тонау жалғаса беретін болады...

Өмірзақ АҚЖІПТ

КЕДЕН: ПӘЛЕ НЕДЕН?

Сенат депутаты Дариға Назарбаева кеден бекетіндегі бірқатар былықтардың бетін ашып, жұртшылыққа жария етті. Оның айтуынша контрабандалық тауарлардың артында заңды қатаң сақтауға міндетті кеденшілердің өздері тұр. Дариға Назарбаева мәлімдегендей, кеденшілер импорттың, әсіресе, Қытайдан келіп өтетін тауардың көлемін жасырып қалады. Не үшін жасырады? Әрине, кәсіпкерден пара алу үшін жасайды осының бәрін. Өздері пара алып қалталарын қалыңдатқанымен қоймай, тауар тасымалдаушыларды мемлекетке төлеуге тиісті салықтан заңсыз босатады. Сөйтіп, мемлекетке, халыққа тиесілі қаржыны жымқырады. Бұл қып-қызыл қылмыс, ол үшін кім жауап беруге тиісті? Бұл сұрақ сонау егемендік алып, тәуелсіз мемлекет атанғаннан бері күн тәртібінде тұр. Оны түпкілікті шешу ешкімнің қолынан келмей жатыр.

– Қытай тауары елімізге көбіне «Қорғастан» өтеді. Яғни жұрт күнделікті тұтынып жүрген түрлі техника, көкөніс, киім-кешектің басым бөлігі дәл осы кеден бекеті арқылы ішкі нарыққа тарайды. Бірақ ағылған жүк көліктерінің бәрі бірдей баж салығын төлеп жатқан жоқ. Кәсіпкерлер артық шығыннан айналып өтудің жеңіл жолын тапқан. Кеденшілердің қолына теңге қыстырсаңыз болды, қиындықсыз қақпаны аша салады, – дейді Дариға Назарбаева, – Қытаймен арадағы тауар айналымы көлеміне келсек, статистикалық мәліметтер бойынша 11 түрлі бұйым бойынша 50 пайызға төмендетілген. Мәселен, елімізге киім, жиһаз, төсек-орын жабдығы, ойыншық, көкөніс пен жеміс-жидектің 60-90 пайызы контрабандалық жолмен келіп жатыр».

«Transparency Kazakhstan» қоры жүргізген зерттеудің қорытындысында «Біздің кеденшілер параға, ақша бопсалау мен жемқорлыққа тым жақын» деп ашық жазылған» делі сенатор. Өйткені, импорттық тауардың тек 10-45 пайызына баж салығы салынады. Қалғаны кеденшілердің қалтасында кетіп жатыр. Бұл – бюджетке қып-қызыл шығын дейді депутат. Дариға Назарбаеваның деректеріне қарағанда Оңтүстік Корея мен Жапониядан келетін кейбір тауарлар көлемі 60 пайызға төмендетілген, ал Пәкістаннан керісінше 80-100 пайызға жоғары. Ұлыбританиядан да жалған көшірме заттар өткен. Сондай-

ак, кеденшілер АҚШ-тың импортын да 50 пайызға төмендетіп көрсетеді екен.

«Transparency Kazakhstan» қоғамдық қоры 2013-2017-ші жылдар аралығында еліміздің Азия, Еуропа мемлекеттерімен және АҚШ-пен сыртқы саудаға қатысты статистиканы салыстырып, үлкен айырмашылықты анықтағаны белгілі болып отыр. Сондықтан, Дариға Назарбаева Қаржы министрі Әлихан Смайыловтың бұл мәселені хабары бар ма деп, Үкіметке депутаттық сауал жолдады. Сонымен қатар, сенатор контрабандалық тауарлар мен кеденшілердің жемқорлығынан мемлекетке келген зиян мөлшерін жариялауды талап етті. Өйткені, заңсыз өткен жүк қазынаға қып-қызыл шығын ғана емес, тіпті, адамдардың денсаулығына төнген қауіп дейді сенатор. Сондай-ақ, Дариға Назарбаева Қытайдан келетін тауарды көлікке тиіп, тауарды түсіру де тек Қазақстан аумағында жүргізілісін деген келісім жасауға кеңес берді. Сонда шекара маңындағы елді мекен тұрғындарына көптеген жаңа жұмыс орындары ашылады.

Бұл жерде сенатордың пікірімен, қойған талаптарымен толық келісуге болады. Шын мәнінде, біздің кеден жұмысы үнемі күдік тудырып келеді. Күдік деу тым аз, қылмысқа белшесінен батқаны баяғыдан белгілі. Оны осы салаға қатысты тұрақты айтылып келе жатқан сын мен арыздардан-ақ аңғаруға болады. Олар кеден саласын жекешелендіріп алғанға қатты ұқсайды. Отандық өндірістің

баяу дамуына байланысты көптеген тауарларды шетелдерден әкелуге мәжбүрміз. Контрабанда кең етек жайған жерде оның санын қазір дөп басып айтудың өзі қиын. Анығы миллиардтаған сомаға тауарлар күнделікті келіп жатады. Оған нақты бақылау жасау жоқ. Кеденшілер ойына келгенін істеп, байлыққа батуда. Соның кесірінен мемлекет қоржынына қомақты қаржы түспей, жемқорлардың жемсауында кетіп жатыр.

Сенатордың сауалынан соң көп кешікпей Қаржы министрлігі кедендегі контрабандаға қатысты мәлімдеме жасады. Мемлекеттік кіріс комитетіндегілер бұл салада бейберекетсіздік барын мойындаған сынайлы. Бірақ, өздеріне де шаң жуытқысы келмейді. Не керек, бұған дұрыс жүргізілмейтін статистика кінәлі деп тауыпты. Олардың айтуынша, Қазақстанға транзитпен кіргізілген тауардың басқа мемлекетке жіберілгені мүлдем есепке алынбайды екен.

– Қазақстанға Қытайдың көптеген тауары келіп кіреді. Бірақ, ол транзитпен Ресейге немесе басқа жаққа өтуі мүмкін. Мысалы, 100 айфон кірді делік, бірақ, ол шын мәнінде Ресейге тиесілі. Көріңіз бе? Ал сіз ойлайсыз, Қазақстанға келген айфон қайда, неге бұлай болды деп... – таңданыс білдірді ҚР мемлекеттік кіріс комитеті жұртшылықпен байланыс басқармасының басшысы Олжас Отар.

Таңданысты ештенесі жоқ, Ресей емес Америкаға бағытталса да кеденнен өткен әрбір тауарға салық салынуы қажет. Ол түгіл аспанда біздің елдің үстінен ұшып өткені үшін әрбір ұшақ есепте, сол үшін белгілі бір мөлшерде ақша төлейді. Сонда кеден атаулы біздің территориямызға кірмейтіні ме, оларға Қазақстанның заңы жүрмейтіні ме? Бұл сыныққа айтар сылтау ғана. Әлде кеден жұмысына сын негізсіз айтылып жатыр ма? Олай болса дәлелдеп бағыңыздар. Ал біз

өз тарапымыздан қарсы деректер келтіре кетейік.

«Қорғасқа» қатысты дау-дамай жиі болып тұрады. Өткенде ашынған туристер «Қорғас» кеденшілерінің былығын ашық айтқаны елесінде. Туристік компаниялармен келісім-шартқа отырып, еліміздің түкпір-түкпірінен ағылатын жұрт ұзын-сонар кезекте тұруға мәжбүр болды. «Себебі, кеденшілер туристік топтарға арналған өткелден ақша төлеген кез-келген адамды кіргізіп, пайда табудың жолын тапқан» – деп айып тақты олар. Кедендегі шексіз кезек әбден шаршатты Ал ұзын-сонар кезекте тұрғысы келмегендер ақша беріп өте береді деген-ді телеарналардың бірінен арызын айтқан турист Аида Бешенова. Бұл кедендегі жай ғана ұсақ-түйек заңбұзушылық ғана. Мәселен, биылдың өзінде ғана қырықтан астам кеденші пара алғаны үшін істі болып, жұмыстан қуылғаны бұл жерде қылмыстың тұрақты болып тұратынын көрсетпей ме? Ол аз болса, «Қорғас» шекаралас ынтымақтастық орталығының бұрынғы президенті, 1 миллион доллар пара алып ұсталған Василий Нидін ісі әлі ұмытыла қойған жоқ. Ең қызығы, бұл қылмысы үшін ол ешқандай жауапқа тартылмады.

Кеден ісі еліміздің экономикасына елеулі үлес қосуы керек. Әрбір тауар үшін салық салынып, мемлекет қоржынына қаржы түсуге тиісті. Кеден жұмысын бақылау үшін бейнебақылаулар орнатылып, ол Астанадан тікелей қадағаланып отырады деген ресми ақпарат таратылғаны да ел есінде. Қайда сол қондырғылар, олар неге жұмыс істемейді? Қондырғының кінәсі жоқ шығар, оны да басқаратын адамдар. Сонда кеденге пәле неден? Бәрі де сол біздегі жүгенсіз кеткен жемқорлықтан болып отырған былық. Онымен күрестің еш нәтиже бермей келе жатқанын өздеріңіз де білесіздер...

З.АБАЖАН

Кейінгі кездері қазақ журналистикасы төңірегінде сан алуан қайшылықты пікірлер бар. Мысалы, белгілі топ ұлттық ақпарат құралдарының кәсіби деңгейі әлемдік өлшемдерден көп төмен, тіпті, орыстілді журналистикамен салыстырғанда көш кейін қалып келеді деген уәжді алға тартса, келесі бір тараптар бұған мүлде керісінше дәлелдерін келтіреді. Олардың ойынша, қазақ баспасөзі артта қалды деп байбалам сала беру бекер, қайта біз кейбір көрсеткіштер жағынан көптеген көршілес елдердің газет-журналдарынан оқ бойы озық кеттік; сөйтіп бұл салада да дамудың жаңа жолына түстік дегенді айтады.

Дау жоқ, соңғы жылдар бедерінде қазақ журналистикасының біршама жаңа сапалық белестерге көтерілгені анық. Бірақ, қалай дегенмен де, көптеген олқылықтардың да орын алып келе жатқаны жасырын емес. Біз бұл тұрғыда кезіндегі әйгілі «Лениншіл жас мектебі» аталған шеберлік көрігінен өткен өкілдердің бірі, танымал қаламгер, бүгінде «Қазақстан-Заман» газетінің бас редакторы Ертай Айғалиұлымен пікірлесуді жөн көрдік.

— Ереке, бір мамандық саласында ұзақ жылдар істеп, шеберліктің шыңына шыққан адамды белгілі бір кәсіптің «сүйегін шағып, майын ішкен» деп жатамыз. Өзіңіз де журналистик салада талайдан бері келе жатырсыз-ау.

— Ат жалын тартып мінген бозбала шағымнан бері, иншалла, қаламым қолдан түспепті. Еңбек жолын әп дегенде аудандық газетте корректор болып бастадым. Жетпісінші жылдары аудандық газет түгілі республикалық газеттердің өздері баспахананың қарабайыр техникасымен шығатын. Әсіресе, аудандық газетті шығару өте ауыр болатын-ды. Бәріміз әріп теріп, май-май болып жүруші едік.

— Одан кейінгі қызметіңіз «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш») жалғасты емес пе? Осы тұста сұхбатымыздың негізгі өзегі болар мәселемізге тереңірек тоқталсаңыз. Мен сұрағалы отырған жәйттердің бірі сонау Бейімбеттерден басталған баспасөз тілі мәйегінің беріде онбай жұтанданып кетуі мәселесі еді. Әрине, асылдың бәрі құрылды, барлығы бірдей жойылып бітті деп ауыз сипауға да болмас. Дегенмен, алмағайып ғасырлар тоғысында бірталай нәрседен айырылып қалғанымыз анық.

— Журналистиканың басты құралы тіл екені рас. Қазақ тілі әлемдегі ең бай тілдердің бірі. Жазба әдебиеттен Бейімбеттерді атап отырғанын қисынды. Бірақ қызыл тілдің шешендері әріде жатқан жоқ па? Небір ділмар шешендеріміздің ауызекі тілдерінің өзі жоғалғанда бүгінгі жазба тіліміздің ұсқыны жолда қалатын еді ғой. Сол үрдісті іліп әкеткен бейімбеттік дәстүрлердің де үзіліп кетіп, қайта жалғанған тұсы алпысыншы-жетпісінші... сексенінші жылдар екенін кейінгі

жас журналистер біле бермеуі мүмкін.

— Қазіргі қалам ұстаған жастардың көпшілігі «Лениншіл жастың» ұстаханасы деген ұғымға да мән бере қоймай ма деген қауіп бар. Сіздің өзіңіз де «Сейдахмет шапанынан шыққан сайыпқырандардың» бірісіз.

— Иә, жетпісінші жылдардың орта тұсында сол газетке орналастық. Шынын айтқанда, о тұста «Лениншіл жаста» жұмыс істеу деген қол жетпес арман болып көрінетін еді. Онда газеттер аз. «Социалистік Қазақстан» әу бастан-ақ қасаң тілімен, коммунистік партияның қаулы-қарарларымен қалың жұртшылықты жалықтырып біткен. Жастарды мүлде тартпайтын. Ал «Лениншіл жасты» іздеп жүріп оқушы едік. Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердіқұлов ағалардың жазғандарын құныға оқып, ауыздан тастамайтынбыз. Оралхан Бөкейдің эсселері біз сияқты жас журналистерді қатты бауряды. Меніңше, ол қанмен, тек-



ЖУРНАЛИСТИКА МЕКТЕБІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

пен келетін қасиет болса керек. Еліктейтінбіз. Бұл сөз өнерінің құдіретін қойсаңшы! Аш жүрсек те таң атпай «Лениншіл жасты» сатып алатынбыз. Тағы бір ұмытып бара жатқан нәрсем — Сейдахмет, Шерхан, Оралхан ағалардың өздері еліктеген ірі тұлғалар бар ғой! Оларды қалай аттап өтеміз! Саттар Ерубәев, Баубек Бұлқышевтердің отты мақалаларын, очерктерін біз де сүйсініп оқыдық, нәр алдық. Соның шарапатын әлі күнге дейін көріп келеміз.

— Сіз келгенде «ЛЖ» ұстаханасында кімдер жұмыс істеп жатыр екен?

— Оралхандар басқа қызметке кеткен соң Сейдахмет аға тағы да бір топ жас берендерді газет шаңырағының астына топтастырыпты. Біз барғанда олардың әрқайсысы бір-бір тұлғаға айналып, өздерінің жазу стильдерін, тілдерін қалыптастырған кәңгі қаламгерлер еді. Жарылқап Бейсенбаев, Жақау Дәуренбеков, Серік Әбдірайымов, Ырым Кененба-

Қазақ тілі әлемдегі ең бай тілдердің бірі. Жазба әдебиеттен Бейімбеттерді атап отырғаның қисынды. Бірақ қызыл тілдің шешендері әріде жатқан жоқ па? Небір ділмар шешендеріміздің ауызекі тілдерінің өзі жоғалғанда бүгінгі жазба тіліміздің ұсқыны жолда қалатын еді ғой.

■ ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

«ЛЖ» ҰСТАХАНАСЫНА ҚАРЫЗДАРМЫЗ

Өз басым «Лениншіл жас мектебі» деген ұғымға зор құрметпен қараймын. Меніңше, қазіргі қазақ журналистикасы нақты кәсіби биік деңгейлерге көтеріліп, ел абыройын асқақтатып жүрген болса ол үшін бәрінен бұрын сонау «ЛЖ» «университетіне» қарыздар деп білемін. Біз демократия қазаққа тәуелсіздік алғаннан кейін келді дегенді жиі айтамыз. Шындығында, оның көріністері сонау социализм дәуірінің өзінде «Лениншіл жас» бетінен күн сайын көрініс беріп жататын еді. Мысалы, сол кездегі қаламдары қанатты Оралхан Бөкей, Сағат Әшімбаев сынды жастар бастаған қаламгерлер ұлт мүддесіне қатысты ойларын ерекше бір тосын тәсілдермен астарлап болса да шебер жеткізіп отырлатын-ды. Сол секілді қылышынан қан тамған тоталитарлық жүйе тұсында Ұлыстың ұлы күні Наурызды ретін тауып алғаш рет көрсеткен Сейдахмет Бердіқұлов ағамыз болатын. Жұрт газетті нөмір сайынғы «Екі көзі — қырда», «Сол санлақтар қайда екен?!» немесе «Соңынан қос ат мініп қусам ба екем?» деп келетін тартымды тақырыптары мен көкейтестілігі жағынан да, безендірілуі тұрғысынан да шебер мақалалары үшін ғана

емес, әлгіндей тапқырлығы мен батылдығы үшін де жақсы көретін-ді. Мен сексенінші жылдардың орта тұсы мен тоқсаныншы жылдардың басында «ЛЖ»-ның Орталық Қазақстан өлкесі бойынша өз тілшісі қызметін атқардым. Журналист ретінде сол тұстарда алған сабақтарым үшін өзімді аса бақытты сезінемін. Небір шебер қаламгерлермен әріптес болу қуанышы бұйырған еді. Өкінішке қарай, кейін сол мектеп үрдістері біртіндеп бұзыла бастады. Атты-бұттылап, не болса соны және қалай болса солай жазатын әдет пайда болды. Бір қарағанда ол әшейін ғана нәрсе болып көрінуі мүмкін. Алайда, Өйтсек қателесеміз. Себебі, қоғам «денсаулығы» көбінесе сол елдегі журналистика ахуалына байланысты келеді. Ендеше, бұл аса сақтық пен зор жауапкершілікті қажет ететін күрделі сала. Әрине, заман өзгерді, құндылықтар басқа дегенімізбен кәсіби шеберлік әрдайым бірінші кезекте тұрса деп ойлаймын. Ендеше, «ЛЖ» мектебіндей журналистика мектебін қайта қалыптастыру керек.

Толубай ЕРМЕКБАЕВ,
қарағандылық журналист

ев, Сағат Әшімбаев, Орысбай Әбділдаевтардың әрқайсысы жеке-жеке мектеп екенін айта кеткен жөн. Әрине, олардың қаламгерлік шеберханаларын зерттеп, қалам тербеу сырларына үніліп, тарката жазып, журналистиканың оқулығына кіргізуге құлықсыздық танытуымыз, олардың еңбектерін Журналистика факультеті шәкірттерінің құлағына құюға ынталанбауымыз — қателігіміз. Ондай ниет баяғыдан бар, негізінде. Бірақ соны жүзеге асыруға бел шешіп кірісе алар емеспіз.

— Сөзіңізді бөлейін... Осы тұста тағы бір ерекше мектепті ұмытып бара жатқан жоқсыз ба? Марат ағамыздың мектебін айтамын.

— Қабанбаев мектебін ұмытуым мүмкін емес қой. Сөз ретінде Мәкең туралы арнайы тоқталғалы отырғанмын. Марқұм Марат ағамен «Ана тілі» газетінде біраз жыл бірге істедім. Ағаның жазушылығы бір төбе де, журналистикасы бір төбе еді. Алғашқыда тәуелсіздігімізбен бірге шырққан Марат Қабанбаев дүниелерінің бір шоғырын «Парасат» журналынан оқып жүрдім. Тоқсан екінші жылы «Ана тілі» басылымына ауысып келді. Публицистика саласындағы шоқтықты дүниелері «Ана тілінде» жарияланды. Тынбай, үзбей, шырып жазып жүрді. Тез жазатын еді. Мақаладағы кестелі ойларын мысалдармен өріп, өрнектейтін. Оның қаламынан туған дүниелерді ел-жұрт іздеп оқыды. Ақиқатқа құмар, мейлінше шыншыл, қаламы ұшқыр журналист еді ол.

Қазақ тілінің мәйегін пайдаланып шебер, шешен жазу, әрине, екінің бірінің маңдайына бұйырмаған нәрсе. Ол ерекше талантты қажет етеді.

— Сол тамаша дәстүр, терең ирімдермен толғана қалам тербеу үрдісі біртіндеп өшіп бара жатқандай көрінеді. Ол ненің әсері деп ойлайсыз?

— Қазір ақпараттар ағынының күшейіп тұрған кезі. Орыстану сеңінің өзін зорға бұзып шыққан қазақлық салтымыз енді-енді өркен жая ма деп үміттенген тұста тағы бір жаһандану дейтін қауіпке тағы кезіктік. Еуропаға, Америкаға еліктеу белең алған тұс қазір. Әрине, бәрі жойылып бітті, құрыдық деп ойбайға аттан қосу жараспас. Бар. Бірақ, бұрынғы Бейімбеттер, Саттарлар, Баубектер, Сейдахметтер, Мараттардай майын тамызып, елдің рухын оятап, намысын қайрайтындай, оқырмандарды терең толғаныстарға бастайтындай қазақтың небір асыл сөздерін шеберлікпен қолданып жазу дағдысының біртіндеп қалып бара жатқаны рас. Осы орайда Журналистика факультеттері бітірсе де шағын хабар жазу алмайтын жастардың көбейе түскенін кинала отырып айтуға тура келеді. Мұндай келенсіздікті дереу доғару қажет-ау. Оны алдымен кейінде жер-жерде қаптап кеткен Журналистика факультеттері тоқтатса деп ойлаймын. Талант ақшаға сатылмайды. Бөйгеше шын дарындарды іріктеп қосқан абзал. Одан соң, әрине, басылымдар қасандық «ауруынан» арылса, өзге де толып жатқан кәсіби кемшіліктерді жоюға күш салып отырса сөз өнерінің айдыны біршама түзелер ме еді деген пікірдемін.

Әңгімелескен
Құлан САҒАТҰЛЫ

Замандарда ойлау жүйесі бұзылған. Содан адамзат санасына кателіктер сіңісіп, олар қоғамдарды саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани дағдарыстарға жеткізуге бастамшы болған. Хакім Абайдың «Қайғы шығар ілімнен» дегені осы. Ілімшілер саф ойды бұзушылар. Жалған қағида жасаушылар, адамзатты адастырушылар. Соның нәтижесінде қазіргі әлемдік жағдай орын алған. Тағы да алапат қасірет – соғыс өрті тұтану қаупі барын жүрегінің сезімі, көңілінің көзі бар жандар аңғаруда.

Ой түбі – ниет. Ойлауды бұзу ниетті бұзу. Ойлаймын, сонда бізден не кінә? Өз қатарымызбен мектепке бардық. Оқытты, үйретті, тәрбиеледі. Оқытқанын, тіптен, дұрыс-ақ десек, үйреткені теріс, тәрбиесі қате болды. Пионер бол деп үйретті, ол дұрыс па еді? Құдайға қарсы шық, халық дәстүріне қарсы шық, би, молда, төре, бай, хан дегендерге қарсы шық, – деді. Біз көндік, санамызға салдық, осындай теріс түсініктерді білім дедік. Одан не шықты? Қателікке толы өмір тәжірибесі қалыптасты. Теріс тәжірибе насихатталып ән, өлең, поэма, роман жазылып, кинофильмдер қойылып, сезім-түйсік-санамызды жаулады.

Иә, дәл солай болды, менің құрдастарымның ойлау жүйесі теріс бағыт алды. Бірақ, ол заманда мұның бәрі дұрыс делінді. Орта мектепті аяқтап, арман қуып, қиялдап жоғары оқу орындарына институт, университеттерге білім алу жолына түстік. Бағыт дұрыс. XI ғасырда Жүсіп Баласағұн айтқан екен: «Құт негізі – білім», – деп. Жастар жаппай білімге ұмтылды. Бірақ, тағы да алдымыздан теріс оқу басталды, солардың бәріне тоқталмай-ақ қояйық, өзін білетін, өмірлік кәсібіме айналған ойлау жүйесі «философия» туралы баяндайын.

Философия, мен ерекше қызығып оқытын пән. Оның тарихы сонау антикалық дәуірден бастау алған. Ертеде еміс-еміс естіген Сократ, Платон, Аристотельдер – атақты философтар екен. Мұндай ойлау жүйесі көне Үнді, көне Қытай, көне Египет елдерінде болған көрінеді. Бергіде немістің классикалық философиясы, оның әйгілі өкілдері: Кант, Фейербах, Гегель дегендер, одан бергідегі дейлер: Карл Маркс, Фридрих Энгельс, Ленин т.б.

Философия қызық деген идеямен Тәуелсіздік жылдарына жеттік. Алайда, философияның таза ойлау жүйесі екеніне күдік енгелі қашан, бірақ ол күдікті сейілету үшін оның орнына жүйелі білім қажет, оны қайдан алмақпыз? Философияға күдік, оның табиғатындағы атеистік сарынға қатысты еді. Философия білімінде Жаратушы деген идея жоқ, бәрі өздігінен жаралатын жаратылыс. Осылай болған соң, философияда дін мен ғылым бір-бірімен үйлесім таппаған, кереғар ұғымдар. Бұл қалай деп қоямын. Отбасы тәрбиесінен дінге жақын болғандығымнан дінді ханталапай қылғанды құптамаймын. Философия дін, діндер дегендердің, тас-талқанын шығаруда. Осы халды кеменгер Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында Абай ойы арқылы тамаша бейнелеген. Абай түсінігінде философтар құдайсыздар. Осы жағдай

маған аса әсер етті. Неге дейсіз ғой... Философия ғылымдарының докторы атану үшін «Абай дүниетанымындағы Алла мен Адам болмысы» деген диссертация тақырыбын таңдадым да, 1994 жылы «Философиялық антропология және теология» мамандығы бойынша докторлық диссертацияны қорғадым. Осы кезден бастап отандық ғылымға «Қазақ философиясы» деген ұғым қалыптаста бастады. Философия институты ұжымының басым көпшілігінің қазақ философиясы дегенге қаны-қас. Олар маған әлденеше рет:

– Ғарифолла қазақ философиясы, қазақша ойлау деген бол-

соның арабша аудармасы делінуде. Түбірімен теріс пікір. Назар салыңыз, pálsara деген екі лексикалық компоненттен құралған фәл+сафа. «Фәл»-ды қоя тұра, «сафа» дегенді түсіндірсем, ол арабтан қазаққа енген сөз – сапа. Қазақта «ф» деген төл дыбыс жоқ, «Ф» араб лексикасынан енген. Арабтар «сафа» десе, біз «сапа» дейміз, орысшасы качество. Енді қараңыз, философия дегеннің бойында «сапа» деген түсінік жоқ қой. «Фәл» дегенге келсек, қазақ оны «пәл» дейді, тілімізде сәл-пәл деген түсінік бар.

Философия дегеннен сіз «фәл» немесе «пәл» дегенді таппайсыз, демек араб ойшылдары

- Философияда сезім мен сананың арасында қайшылық болды.

- Философияда сезім мен ақылдың арасында қайшылық болды.

- Философияның өзегі қайшылық.

- Pálsara-да қайшылық жоқ, түсінік және түсіндіру бар

Осы айтқандардың теориялық принципі: Жаратушы – абсолют. Ұлы. Абсолютті тану мүмкін емес, бірақ біз абсолютті Жаратушы деп тұрмыз. Егер абсолют Жаратушы болса, заңды сұрақ туады.

Жаратушы нені жарат-

лып келді. Огюст Конт осы метафизикаға қарсы шығып, өзінің **позитивизмін** ұсынған.

Ал, pálsara болса, ол X ғасырдан бері аталып, айтылып, жазылып, зерттеліп келуде.

Pálsara неге кеңес жылдары пән ретінде оқытылмады. Себебі, ол Құранға, яғни мұсылмандық дүниетанымға негізделген. Pálsara деген таза ойлау дегенді білдіретін кең мазмұнды мағлұмды ұғым, ол Карл Маркстің іліміне, әрине кереғар. Большевиктер идеологиясына да кереғар. Сол себепті, pálsara және оның әйгілі тұлғалары «жабулы қазан» қалпында қалды. Енді,

PÁLSARA – ТАЗА ОЙЛАУ



Академик,
жазушы
Ғарифолла ЕСИМОВ

майды, олай деу ұят болады, – деп мені ұялтқан болды. Не деуге болады? Өздері қазақ бола тұра қазақша ойлау деген жоқ, – дейді. Сонда хакім Абай ойы қазақша емес пе? Әлеуметтік, қоғамдық, рухани тәжірибе Карл Маркстің ілімінің терістігін айқындап берді. Тәуелсіз мемлекеттер туын тіге бастады. Тәуелсіз ой оянды, басқаша да ойлау жүйесі бар-ау деген сана бой көтерді. Осы бағытта мен 1994 жылдан бастап «Сана болмысы» деген авторлық жоба бастадым, бүгінде «Сана болмысының» он сегізінші кітабы жарыққа шығуға даярлануда.

«Ойлау жүйесіне қатысты кателіктің мәнісі неде?» дегенге келсек, біздің «Философия» деп жүргеніміз, қайта зерделеп қарастыруды қажет ететін ұғым екен.

Философия гректің «филео» – сүйемін, «софия» – даналық деген екі сөзінен шыққан деп студенттерді оқытып келдік, әлі де айтудамыз және оны тұңғыш айтқан Пифагор дейміз. Кім білсін? Солай ма, жоқ па, әйтеуір айтып, жазып келеміз. Енді күдік қоюланды.

Сонда философия мен pálsara-ның айырмашылықтары неде? Бүгінгі күнге дейінгі барша философиялық оқулық, сөздіктерде және өзге де әдебиеттерде pálsara гректің философия сөзінен шыққан,

гректің «философия» дегенінен өзге ойлаудың жаңа, тың жүйесін жасаған.

Осы тұста орыс мәтелін еске салған жөн, ол «Ұрының басындағы бөркі жанады». Еуропалықтар «pálsara» грек «философиясының» арабшаланған түрі деуден жалығар емес. Мысалы, орыс ғалымы А.А. Игнатенко: «Фалсафа не стала простым переводом на арабский язык античной философии, она – новый во многих отношениях более высокий этап развития человеческой мысли...», – дейді. Байқайсыз ба, бұл ғалым да pálsara гректің философиясының арабша аудармасы дейді. Бұл теріс пікір.

Олар бір ауыздан «араб pálsara-шылары оригиналды (тума) ойшылдар емес, ең мықты дегенде, олар грек философиясының комментаторлары» деген тұжырым жасап алған. Осы тезиске біз де құлай сеніп қалғанбыз, онымыз дұрыс па? Тәуелсіздік дегеніміз тәуелсіз ойлау емес пе?

Араб pálsara-шылары грек философиясына бас имей-ақ, бірақ оны білім ретінде қабылдап, тума төл ойлау жүйесін қалыптастырушылар, менің білуімше, осы істің басында тұрған әл-Кинди.

Pálsara деген таза ойлау деген мағына береді. Таза ой иесі – Жаратушы.

Pálsara-да дін мен ғылымның арасында қайшылық жоқ. Бұл бір.

Екіншіден, pálsara-да теология мен pálsara арасында қайшылық жоқ.

- Философияда дін мен ғылымның арасында қайшылық болды.

- Философияда сенім мен танымның арасында қайшылық болды.

ты? Жаратушы абсолют болғандықтан, дүниені тегіс жаратты. Дүниенің заңдылықтары бар, олар: физикалық, химиялық, биологиялық, математикалық, медициналық, әлеуметтік т.б.

Осы тегіс дүниенің заңдарын біз білмекпіз, танымдық және өзіміздің тұрмысымызға қолданбақпыз. Бұл деген сөз ғылымдарды қалыптастыру, оларды кемелдендіру, сол білім мен ғылымның нәтижесін тұрмыста қолдану, оны технология дейміз. Технологияның сатылары, дәрежелері бар. Қазір айтып жүрген IT технология, индустриалдық өндіріс т.б. бәрі де осы Жаратушының жаратқандарын білуге қызмет ететін істер.

Біздің, яғни адамдардың ғылымы және технологиясы күннен күнге күрделеніп толыса, кемелдене берген сайын біз ЖАРАТУШЫ ДЕГЕН ИДЕЯҒА ЖАҚЫНДАЙ БЕРЕМІЗ.

Міне, pálsara-ның басты принципі.

Сонда философия деген қайда қалмақ. Ешнәрсе бүлінген жоқ. Әр жердің өз ағашы бар дегендей «Философия» Батыстың ойлау жүйесі, ойлау мәдениеті.

Pálsara әу бастан мұсылмандық дүниетанымнан өсіп-өркендеп шыққан ойлау мәдениеті.

Философия деген ұғым көне заманнан бері деген даулы тезис. Антикалық заманда философия емес, софистика, софизм дегендер болған. Ол қараны – ақ, жақсылықты – жамандық деп тапжылтпай дәлелдеп беретін ойлау тәсілі болған, ол жаңа Еуропа заманында «диалектика» деп аталды.

Еуропада орта ғасырда схоластика деген болған.

XVIII ғасырға дейін біздің философия деп жүргеніміз өз атымен метафизика деп ата-

Тәуелсіздік саяси кеңістікке айналып, егемен мемлекет болған соң, жастарға нені оқытуды, өзіміз айтуымыз керек шығар.

Pálsara мен философияға әмбебап ұғым, түсініктер ортақ, бірақ мағыналық жағынан түсінуге келгенде олар өзгеше.

Философия жаңа заманда (XV ғ.) таза христиандық ойлау жүйесі болып, толығы берді. Неміс философы Карл Ясперс былай деген: «Библия и библейская религия являются основой нашего философствования, дают нам постоянную ориентацию и служат источником незаменимого содержания. Философствования Запад – признается это или нет – всегда связано с Библией даже тогда, когда оно борется с ней» (Карл Ясперс «Смысл и назначение истории» Москва, «Республика» 1994, с.446).

Сондықтан, философия деген ұғымды христиандық мағынасынан шығарып, заманында Аристотель айтқан негізге салған жөн болар. Ол ғылымға физикаға дейінгі «алғашқы философия» (теология) және физикадан кейінгі «метафизика» деген ұғымдар енгізген. Ол жөнінде өзінің «Метафизика» еңбегінің алтыншы кітабына жазып кеткен.

Pálsara-шылар антикалық ойшылдарының еңбектерін араб тілінде, мұсылмандық дүниетаным негізінде қайта жандандырған.

XX ғасырдың атақты ойшылы Бертран Рассел pálsara туралы құнды ойлар айтқан: «...**Мы обязаны арабам в знании греческой философии**, потому что, когда ее снова начали изучать в Европе, требуемые технические термины были взяты с греческого или латинского языков. В философии арабы были лучшими комментаторами, чем ори-



ЖҮЙЕСІ

гинальными мыслителями. Их значение для нас состоит в том, что они, а не христиане были непосредственными наследниками той части греческой традиции, которая сохранилась только в Восточной империи. Контакт с магомтонами в Испании и в меньшей степени в Сицилии способствовал **ознакомлению Запада с Аристотелем**, а также с арабскими цифрами, алгеброй и химией. Именно этот контакт содействовал возрождению эрудиции в XI веке, приведшему к **схоластической философии**. (Бертран Рассел. История западной философии. Ростов-н/Д.: Феникс, 1998. с.328-329).

Бертран Рассел XX ғасырдың көрнекті ғалымы, оның пікірлерімен санасқан жөн. Ол да Еуропалықтарға тән сөзді қайталап, арабтар комментаторлар, оригиналды ойшылдар емес деген тұжырым жасаған.

Кезінде И.Г.Гердер былай деп жазған: «Арабтар болмаса, Гербер де, Альберт Великий де, Вилла Новалық Арнольд те, Роджер Бэкон де, Луллия Раймунд та болмас еді. Олардың бәрі Испанияда арабтардан оқыды немесе солардың шығармаларын оқыды. Тіптен Фридрих II-нің өзі араб кітаптарын аударуға қамқор болып, ғылымдардың жандануына жағдай жасады» (Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М.: Наука, 1977. С.601).

Осы мәселе туралы замандасымыз Рене Генонның да айтқан мына пікірлерін қосуға болады: «Схоластика деген атаумен танылған ортағасырлық философия: **мұсылмандық, иудейлік және христиандық** болып бөлінеді. Алайда, оның дәл осы мұсылмандық саласы қалған екеуінің бастау көзі болды. Әсіресе, иудейлік схоластика Еуропада ол тұста араб тілі арнасында гүлденді».

(«Ақиқат», №7. 1994. 42-б.). Ортағасырлық схоластика болса, В.Вунттың айтуынша, жаңа заман философиясының басы болған (Вундт В. Введение в философию. М., 1998. С.1390).

Батыс Еуропа ойшылдары теология мен философияны бір-бірінен ажыратуға қаншама талпынғандарымен, Мераб Мамардашвили айтқандай: «Классическую европейскую культуру, т.е. ту, что складывается к началу 17 века на гребне возрожденческого подъема, можно определить как культуру христианскую». (См.: «Вопросы философии», №5. 1992. С.115). Сондықтан да Еуропада араб тіліндегі ойлау жүйесін, яғни pālsara-ны бағалау христиандық дәстүрде болып отырды. Басты мәселе – Платон мен Аристотельді араб pālsara-шыларының түсінігінен тазартып, олардан христиандық дәстүрдегі ойшылдар жасау мақсаты тұрды. Осындай сыңаржақ көзқарас туралы Рене Генон өзінің «Еуропада ислам өркениетінің ықпалы» деген еңбегінде нақтылы айтқан.

Pālsara тарихы әл-Киндиден басталып, қазіргі заманға жеткенін айтпақпыз. Демек, pālsara-ның типологиясын белгілеу қажеттілігі бар. Pālsara тарихының типологиясын анықтауда қандай өлшемдерді алу керек деген мәселеге айналды. Әдетте, типологияның өлшемдері: тарихи, географиялық, аймақтық немесе ұлттық болып келеді. Біз pālsara-ның типологиясын анықтауда саяси-географиялық өлшем қолдандық. Себебі, pālsara араб тілі негізінде ғана емес, ол саяси негіздерде жүзеге асқан феномен. Осы тұрғыдан оның төрт тарихи-мәдени кезеңін белгіледік.

Бірінші кезең. Бағдат халифатына қатысты, әл-Кинди,

«Таза ағайындар» еңбектеріне байланысты қарастырылатын тарихи-мәдени кеңістік.

Екінші кезең. Халифаттан өзге мұсылман мемлекеттерінің пайда болуына байланысты ислам мәдениеті Аравиядан тыс аймақтарда гүлдене бастады, соның бір көрінісі – Орта Азия мен Қазақстан аумағында ерекше түрде дамыған pālsara, оның өкілдері: әл-Фараби, Ибн Сина, Омар Хаям, Аттар, әл-Ғазали, т.б. Бұлар парсы-түркі жұртының ойшылдары.

Үшінші кезең. Мұсылман Испаниясындағы Еуропалық pālsara-ның тарихи-мәдени кеңістігі, оның өкілдері: Ибн Бадж, Ибн Туфейл, Ибн Араби, Ибн Рушд.

Төртінші кезең. Түрік-қазақ ойшылдары: Қорқыт, Қожа Ахмет Иассауи, Жүсіп Баласағұн, Абай, Шәкәрім.

Сонымен, pālsara төрт географиялық аймақта өніп-өсті.

Pālsara-ның да, философияның да тірек етіп отырғаны негізінен бір адам, ол – Аристотель. Pālsara-ның көрнекті өкілдері: әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Бадж, әл-Туфейл, Ибн Рушд. Бұлар Аристотель философиясын араб тіліне аударып, оған герменевтикалық талдау жасаған ғұламалар. Яғни, олар – «ұмыт» болған Аристотель еңбектерін Ренессанстық деңгейге көтерушілер. Әрине, бұл ғұламалардың бәрі Аристотельдің **мұсылмандық негізде түсінген, әрі түсіндірген.** Сондықтан, оларды Шығыс перипатетиктері дейді. Сонда Шығыс перипатетиктерін біз pālsara-шылар деуімізге әбден орынды. Бұлардың тарихи қызметі Еуропада грек философиясын жеткізу әрі түсіндіру еді. Сол мақсат орындалды, содан барып Батыс Еуропа философиясы қалыптаса бастады, ол Фома

Аквизиттан бастау алды, яғни Аристотель енді христиандық дүниетанымға орай (сай) түсініле бастады. Алдымен богословиялық (Құдай туралы ілім), теологиялық мәнде, содан кейін Аристотель зиялы философтар көзқарасымен оқыла бастады. Ол Жаңа Заман үлесіне тиді. Бұл қызмет, жоғарыда айтқандай, Ф.Бэконнан басталып, Б.Спинозаға дейінгі аралықты алды. Сөйтіп, Батыс Еуропада ойлау жүйесінің жаңа түрі қалыптасты. Біздің бүгінге дейін жоғары оқу орындарында оқып келген біліміміз – осы христиандық менталитетке, дүниетанымға негізделген – философия.

Бағдат халифатында X ғасырдың екінші жартысында Басра қаласында діни – pālsara-лық бірлестік өмір сүре бастады. Мұны тарихшылар «**Таза ағайындар**» бірлестігі деп, арабша оларды «Ихван ас-сафа» деп атаған.

«Ихван ас-сафа» туралы толығырақ мәлімет Е.Бертельстің «Суфизм және суфистік әдебиет» деген кітабында да берілген. Онда өздерін «таза ағайындар» деп атаған бұл топ бес адамнан (бізге белгілісі. – **Ғ.Е.**) құрылған, олар: әл-Мукаддаси, аз-Занджани, әл-Михраджани, ал-Ауфи және Зейд бну Рифаа (немесе Зайд ибн-Руфа'а). Соңғысы осы топтың рухани жетекшісі деген мәлімет сақталған. Бұлар өздерінше энциклопедиялық білім жүйесін жасаған. Олардың мақсаты: Исламға еніп кеткен қоқыстарды «Pālsara арқылы тазарту». Байқап отырсыз, мақсат өте биік. Демек, ол кезде бұл «ағайындар» әлемдік білім жүйесінің методологиялық мәселелерін меңгергені аңғарылады.

Энциклопедия төрт бөлім, елу бір трактаттан тұрады. Олар мынандай бөлімдер: I. Пропедевтика және логика (1-13 дейінгі трактаттар). II. Жаратылыстану ғылымдары және адам туралы ілім (14-30). III. Әлемдік жан туралы ілім (31-40). IV. Құдай туралы ғылымдар (41-51).

Оқу жүйесі мынандай принциптерге негізделген: оқушы ең алдымен 1) арифметиканы, 2) Евклидтің геометриясын, 3) астрономияны, 4) жердің жеті шеңбері туралы ілім мен Птолемей арқылы географияны оқу, 5) музыка теориясы, 6) математикалық қатынастар туралы ілім. Осыларды оқып-үйреніп, біраз тәжірибе жинақтаған соң, оқушылардың метафизиканы оқуларына дайындығы жеткілікті болады. Метафизиканы оқушылар мынандай тәртіппен оқиды: 7) ғылымдардың классификациясы және теориясы, 8) оларды өмірде қолдану, 9) типология, одан әрі Аристотель бойынша логиканы өту, яғни нақты айтсақ: 10) Аристотельдің Органонына Порфирийдің жазған кіріспесі, 11) категориялар (ұғымдар), 12) герменевтика, 13) екінші аналитика, яғни дәлелдеулер туралы ілім.

Бұдан әрі қарай оқушылар табиғатты тануға көшеді. Олар 14) Аристотель іліміндегі: физика, материя, форма, кеңістік, уақыт, қозғалыс туралы, 15) жер және аспан туралы ілім, 16) төрт элементтер туралы, 17) фирдегі құбылыстар (метеорология), 18) минералогия, 19) табиғаттың қуаты туралы (неоплатониктер

туралы мәнісінде), 20) ботаника, 21) зоология. Бұл бөлім минералогиядан басқасы Аристотель ілімі негізінде құрылған.

Табиғаттан, жануарлар әлемін оқудан оқушылар енді адамтануға өтеді. Осы мәселеге орай 21 трактатта жануар мен адамның арасындағы айтыс туралы **тәмсіл (притча)** берілген. Ондағы ой: егер адам нәпсіге берілсе, ол жануардан (хайуаннан) төмен болмақ.

Адам туралы ілімді де Аристотель бойынша құрастырған «Таза ағайындар» ендігі жерде метафизикалық проблемаларды неоплатонизм негізінде жүйелеген. Бұл бөлім: 31) сандар теориясы, яғни, барлық сандардың бірден шығып, қайтадан бірге қайтатын эманация туралы ілімнен басталады, 32) алғашқы рух және жан туралы әлемдік эманация, 33) макрокосм туралы ілім, 34) рух және рухани қабылдау туралы, 35) жұлдыздардың айнала шоғырлана қозғалысы, 36) махаббаттың мәні, 37) ынтықтандыру және жанның қайта таралуы, 38) қозғалыстың түрлері, 39) себеп және нәтиже туралы, 40) анықтаманың дұрыстығы туралы.

Бұдан әрі Құдай туралы бөлімдері, нақтырақ айтсақ: 41) әртүрлі ілімдер туралы, 42) Құдайға бастайтын тура жол туралы, 43) «ағайындардың» сенімдері туралы, 44) олардың өмір сүру тәсілдері, 45) мұсылмандық туралы, 46) Құдай әмірі және пайғамбарлық, 47) махаббатқа деген тазалық, Алла әмірі туралы, 48) рухани күштердің адамға әсері, 49) мемлекетті басқарудың түрлері, 50) дөңгеленген әлем туралы, 51) магия мен сиқыршылық туралы (*Бертельс Е. Суфизм и суфийская литература. М., 1965. С.26-27.*)

Pālsara – таза ойлау жүйесі, сапалы ой. Мұнда Дін мен Ғылым үйлесім тапқан. Мұқағали ақынның «дін ғылымның анасы» деген метафорасы шындыққа икемді айтылған сөз. Pālsara – әлемдік гармонияны насихаттайтын таза экологиялық ойлау. Тазалық басы Жаратушыдан. Альберт Эйнштейннің діни сезімі болмаған адамнан ғұлама ғалым шықпайды дегені де осы мәнде айтылса керек.

Философия болса христиандық дүниетанымға негізделіп құрылған, бірақ келе-келе құдайсыз ойлау жүйесіне айналған, еуропалық ойлау мәдениеті. Бұл ойлау жүйесі Бертран Расселдің «История Западной философии» деген көлемді еңбегінде жан-жақты баяндалған. Біз осы ойлау мәдениеті шеңберінде ғана болып келдік, оны ғылыми тілде европацентризм деп те атайды. Әрине, европа дүниетанымын, философиясын білім ретінде білуіміз керек, онсыз қазіргі заманға сәйкестік болмайды. Демек, қазіргі философия пәнінің бағдарламасына осы айтылған дилемманы ескере отырып, ұсыныс-өзгерістер енгізуіміз қажеттілік.

Мұндай үрдіс түрік, әзірбайжан, өзбек, түркімен, тәжік ағайындарға енген, олар өздері оқитын ойлау жүйесін – Pālsara не Fālsara дейді. Бұл араб елдеріне де тән, олар Fālsara – дейді.

Бізге ойлануымыз керек!

ҰЛЫ ДАЛАЛЫҚ ЖАҢҒЫРУ –

АМЕРИКА САПАРЫНАН ЖОЛЖАЗБА

Биыл желтоқсанның 3-8-і аралығында АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» атты Қазақстанның мәдениеті мен әдебиетінің халықаралық форумы өтті. Рухани жаңғыру бағдарламасының аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің басқаруы, Ұлттық академиялық кітапхана мен Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен өткен бұл форум Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстандық мәдениет жаһандық мәдени мұраның ажырамас бөлігіне айналуы тиіс. Ол әлемдегі түрлі халықтардың мәдени құндылықтарын қабылдау жүйесінде нақты танылуы тиіс», – деген талабынан туындап жатқан кезекті қадам. Себебі, бұған дейін де бұндай форумдар Сеулде, Лондонда, Берлинде өткенін Ұлттық академиялық кітапхананың бас директоры, халықаралық шараларды ұтымды ұйымдастырып жүрген іскер басшы Үмітхан Мұналбаева мәлімдеген болатын.



Америкада алып елдің әйгілі қаласы – әлем астанасы атанған Нью-Йорк қаласына бару ойымызда жоқ болатын. Ал Рухани жаңғыру бағдарламасына байланысты Нью-Йорктегі Қазақ әдебиеті мен мәдениеті форумына баратын болғанда, тіпті қуандық. Бұл үшін әрине, Елбасының Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің басқаруы, Ұлттық академиялық кітапхана мен Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен өткен бұл еліміз үшін ерекше шараның басықасында жүрген азаматтарға айтар алғысымыз шексіз.

АҚШ-тағы аталмыш форумға баратындардың құрамына белгілі ақын, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Шәмшібай Сариев, «Президент және Халық» газетінің Бас редакторы, жазушы-публицист Марат Тоқашбай, белгілі ақын, филология ғылымдарының кандидаты, «Тұмар» журналы бас редакторы Оңайгүл Тұржан, «Айқын» газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп, ақын, Сергей Есенин атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты – «Алтын Күз» ордені иегері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Қазақ үні» газеті президенті Қазыбек Иса, жазушы, сыншы, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Асқар Алтай, белгілі ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлы, жазушы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Дәурен Қуат, белгілі әнші Ардак Балажан, тележүргізуші Майя Бекбаева және т.б. кірді.

Америкаға сапарды ести салысымен алдымен есіме қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтың 1961 жылы тура осы Нью-Йорк қаласына барғаны есіме түсті. Енді осы әлемді ұсынында ұстап тұрған алып елге алғаш рет аяқ басатын болғаным қуандым.

Астана қаласынан басталған бұл айрықша сапарға Ұлттық академиялық кітапхананың бас директоры Үмітхан Мұналбаева ұжымымен келіп шығарып салды. (Айта кетейік, бес күннен кейін сапардан қайтарда түнгі төртте осы ұйымшыл ұжым домбырамен әуелетіп ән салып қарсы алды). Желтоқсаннан 3-інен 4-іне караған түнгі 4-30-да Станбулда алты сағат ұшып бардық. Келесі күні Станбулда тағы да бес-алты сағат отырған соң, Нью-Йорктың өзіне аттандық.

Нью-Йорк қаласына 12 сағат – оның жартысы алты сағатының өзін Атлант мұхитының үстімен ұшады екенсің.

Жалпы, Америкаға жасаған алғашқы сапарым мен үшін қызықты басталды. Аспанмен таласқан алып қалаға сол елдің уақытымен кешке таман жеттік. Ең алдымен түнгі Нью-Йоркты аралаудан бастадық. Елдің бәрін



көргісі келетін Рузвельт аралында ығы-жығы халықтан ине шаншар жер жоқ десе де болады. Әлемнің әр түкпірінен ағылған халықтың ішінде қазақтар да өз тілімізде сөйлесіп, емін-еркін аралап жүрдік... Армансыз аралағанымыз сонша, кейбіреулеріміздің топтан адасып қалу жағдайы да кездесіп қалып жүрді... Тіпті, бір қызығы, бір кезде мен де топтан адасып қалдым. Алаштың ақыны екеніңді ешкім білмейтін Атлант мұхитының ар жағындағы алып қалада мұндайда не істейсің?! Түйсігіммен жобалап, тек алдыма қарай жүре бердім. Сөйтіп келе жатып, кенет Марат Тоқашбай ағама кездесе кеттім... Ол кісі де кідіріп қалып, топтан бөлініп қалған екен. Содан Нью-Йорктың қақ ортасында бір-бірімізді құдай жолықтырып, телефон арқылы сұрастырып жүріп, топты да тауып алдық... Әдетте, жаңса көрген адамыма кездесіп қалғанда: «Шетелде жүріп кездескен екі қазақтай болдық қой» дейтін әзілім бар еді... Шетелде жүріп кездескен екі қазақтың қандай болатынын Марат ағамыз екеуіміз Америкада Нью-Йорк қаласында шын сезіндік... Өйткені, Нью-Йоркте 11 миллиондай адам тұрады. Ал күнделікті

келіп жататын қонақтарды қосқанда 20 миллионға жуықтап қалады екен. Енді өзіңіз ойлай беріңіз, 20 миллиондық адамы бар қалада адасып қалған екі қазақтың бір-бірін тез тауып алғаны қандай болатынын?! Марат ағамыз екеуіміз Құдайдың құдыретіне тан қалып, Аллаға сансыз шүкіршілік айттық. Ағамыздың осы сапарға келуіне себепкер болғаным да тегін емес-ау деп ойлап қойдым...

Америкадағы аталмыш Қазақстан әдебиеті мен мәдениетінің форумы Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында сәтті ұйымдастырылған, елдің атын танытқан еларалық ерекше шара ретінде есте қалды.

Осы форумда жыр кітабының тұсауы кесілген Шәмшібай Сариев ағамыздан бастап, ешкім тұсалып қалған жоқ. Ат арытып барған әр қаламгер алдын ала тапсырылған тақырыптарға байланысты баяндама жасап, өз ойларын еркін айтып отырды.

Мен де Рухани жаңғыруға байланысты өз баяндамамды жасадым.

Шынын айтқанда, Елбасының елге серпін берген «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – ұлтымыз талайдан күткен, ел рухын көтерген ерекше құбылыс. Рухани жаңғыру



кеңірек танылуына бұрынғыдан да зор мүмкіндіктер жасайды. Рухани жаңғыру дегенде, оның осындай әлемдік әдеби-мәдени ықпалдастығы болуына ерекше назар аударуымыз керек. Бұл екі жақтың да бір-бірінің рухани байлықтарымен сусындап, байланысты жан-жақты дамытуға мүмкіндіктер ашары сөзсіз. Жалпы әдебиет саласында да, мәдениет саласында да шекара деген болмауы керек. Әдебиет те, мәдениет те жер шары халықтарының арасындағы алтын көпір. Алтын көпірді лайықты жалғастыру, әр ұрпақтың борышы болуы керек деп ойлаймын. Міне, біздің кезеңнің қаламгерлері мен мәдениет қайраткерлеріне осындай міндеттер жүктелген. Шамамыз келгенінше біз оны мазмұнды да, саликалы етіп жалғауымыз керек.

Яғни, Мұқтар Әуезов салған мұхит асқан жолдың жаңғыра беруі заңдылық та, қажеттілік деп білемін.

Шетелдік белгілі қаламгерлер мен қоғам қайраткерлері де өз пікірлерін білдірді. АҚШ-тың қоғам қайраткері Рави Батра: «Қазақстандық мәдениет тек қазақ халқы үшін ғана емес, күллі әлем жұрты үшін ұлы мәдениеттердің



бастауы сонау заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовтің заманында жатыр дер едім. Әрине, ол кезде америкалықтармен әдеби-мәдени байланыстың ауқымы мұндай жоғары болған жоқ. М.Әуезовтың Джек Лондонның шығармаларын жас кезінен ұнатып, оның атақты «Ақ азу» повесін қазақшаға аударғаны белгілі. Қарап отырсақ, ол бұл шығарманы осыдан тура 82 жыл бұрын 1936 жылы аударыпты. Сол шығарма ықпалымен өзі де «Көксерек» атты тамаша дүниені өмірге келтірді. Ал соңғы жылдары Америкада Абайдың, Жамбылдың, Мұқағалидың, Бердібек Соқпақбаевтың және т.б. шығармалары ағылшын тіліне аударылып, осында жарыққа шықты. Міне, осындай байланыстар екі ел арасындағы қатынасты қанаттандыра берері анық.

Ал енді бұндай игі байланыстарды бұдан гөрі кеңірек дамыту – біздің қазақ әдебиетінің әлемге

бірі деп санаймын. Көшпенділердің мәдениетін зерттеу жаһан үшін маңызды. Себебі, ол әлемдік мәдениеттердің ажырамас бөлігі саналады» – деп, ұлтымыздың мәдениетін жоғары бағалады.

Ал профессор, АҚШ публицисі, Леонид Голдинді еліміздің латын әліпбиіне көшуі қатты қызықтыратынын айтты. «Қазақстан бізді таңғалдырып келеді. Бұл өзі бір керемет шара, нағыз достық кездесу болды. Тағулығы жарасқан жүзден астам ұлт пен ұлыстан құралған тұтас елдің бейбіт саясатын да айтпасақ болмайды. Форумда филология профессорының латын қарпіне көшу туралы баяндамасын ерекше назар қойып тындадық» – деді ол.

Форум жұмысына қатысқан Қазақстанның АҚШ-тағы елшілігінің Нью-Йорктегі бас консулы Жәнібек Әбдірашев мырза екі ел арасындағы байланыс туралы сөйледі.

РУХАНИ БАЙЛАНЫСТАР НЕГІЗІ



Қазақ тілінде өтіп, ағылшын тіліне синхронды аударылып отырған форумды «Айқын» газеті бас редакторы Нұртөре Жүсіп жақсы жүргізіп отырды.

Нью-Йоркте отырып, қазақтың ұлттық киімімен домбырасын күмбірлетіп, қазақша ән салған Ардақ Балажанға ел қатты риза болды.

Форум аясында қазақ авторлары кітаптарының тұсаукесері және «Қазақстан әдебиеті мен мәдениеті» фотокөрмесі өткізілді.

Әлем астанасы атанған Нью-Йорк қаласында халықаралық форум төрінде отырып, елден телефон соққан Азат Перуашев бауырымыздың «Парасат» орденін алуымен құттықтаған ақжол хабарын есту де қуанышты жаңалық болды.

Форум жұмысын сәтті аяқтаған соң, тағы да қалған уақытымызды қала аралаудан бастадық.

Нью-Йорктей алып қаланың 6 ауданы бар екен. Ең әйгілісі, әрине, Манхэттен ауданы. Қаланың ұзындығы 85 шақырым болатыны белгілі Бродвей көшесі көкке бой созған көрнекті ғимараттарының көптігімен ерекшеленеді. Бұл қалаға келушілердің ең алдымен көргісі келетіні Бруклин көпірі екен. 1870 жылы құрылысы басталған көпір құрылысының тарихының өзі қызықты... Инженер Джон Реблингтер отбасының үш мүшесі – әкесі, шешесі, баласы тағдырдың жазуымен бірінен соң біріне қалдырып кетіп, бітірген көпір өзінің ерекше үлкендігімен және өзгеше құрылысымен елді риза етеді.



Американың символына айналған әйгілі Бостандық ескерткіші Бруклин көпірі үстінен алыстан көрініп тұрады екен. Оның маңына таяу үшін кезекке тұрған адамдардың көптігі сонша, кемінде бір күн керек дейді...

Алып қаланың аспанмен таласқан ғимараттарын аралай отырып, 2001 жылы 11 қыркүйекте қираған әйгілі Әлемдік сауда үйінің егіз ғимаратының орнына келдік. Әлемді дүр сілкіндіре қираған егіз ғимараттың орны бүгінде мұражай ретінде сақталыпты. Екеуінің де орнында төрт бұрышты үлкен хауыз секілді орын қалдырған, оның ернеуінен ішіне тоқтаусыз су ағып тұрады. «Адамдардың көз жасы» деп атайды екен оны. Ал хауыздың ернеуіне жағалай сол күні ғимаратта қаза тапқандар есімдері жазылыпты.

Нью-Йоркте жүріп, Қазақ КСР Сыртқы істер министрі болған белгілі мемлекет қайраткері Төлеген Тәжібаевтың 1946 жылы В.Молотов бастаған Кеңес Одағы делегациясы құрамында келіп, екі айдай БҰҰ құжаттарын дайындауға үлес қосқаны есіме түсіп, біраз толқидым. Ал қаланы аралағанда айтқан: «Джек Лондон да кезінде біздер секілді осылай кезіп жүрген шығар» деген сөзім Дәурен Қуат бауырыма қатты ұнап қалса керек, қайта-қайта айтып жүрді...

Қарағанды өңірінде Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасына сәйкес атақты Қаз дауысты Қазыбек бидің, Бұқар Жыраудың, абыз-жырау Шортанбайдың ел еңсесін тіктер ауқымды мерейтойлық іс-шараларының өтуі көптің көңілінен шыққан еді. Мұндай бағдарламаның маңыздылығы мен мәнінің ауқымы кең екенін жұртшылық жақсы түсінсе, осылардың қатарында тағы бір айтулы тұлға – Қарқабат ананың қалтарыста қалуы – өңірдегілерді бей-жай қалдырмады. Облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне ынталы топ мақала жариялап, Қарқабат Ана есімін ұлықтау жөнінде еліміздің бір топ белгілі ғалымдары мен жазушылары және қоғам қайраткерлері облыс әкімі Е.Қошановтың атына жазған Ашық хаты әкімдік тарапынан қолдау тауыпты. Ынталы топ көп кешікпей «Қарқабат Ана» тарихи-этнографиялық қоғамдық бірлестік құрып, жұмыс істей бастауы да көптің көңілінен шыққан. Біз жаңадан құрылған қоғамдық бірлестіктің жетекшілерінің бірі, белгілі журналист – қаламгер, Президенттің БАҚ саласындағы сыйлығының және Н.Төреқұлов атындағы дипломатиялық сыйлықтың иегері, ҚР Мәдениет қайраткері Болат Жәмкеновті әңгімеге тартқан едік.



РУЛЫ ЕЛГЕ ҰРАН БОЛҒАН ҚАРҚАБАТ АНА

– Сіз бір мақалаңызда «Осы өңірлерден шыққан Жұбан ана, Нұрпая ана, Белен ана, Айғаным ханым, Ақтолыс ана, Айпара ана және көптеген әйгілі аналар шоғырында дара тұрған Қарқабат ана есімі қазақтың Ұлы жүзі руларының қалыптасуына ұйтқы болған Домалақ анамен ғана салыстыруға болатын ірі тұлға деуге әбден негіз бар» депсіз. Осы жөнінде айтып берсеңіз?

– Әңгімемізді тақырыптың тәрбиелік мәнінен бастайын. Құрылған қоғамдық бірлестіктің (қор емес) ерекшелігі сол, тек Қарқабат ана есімін есте қалдыру шараларымен шектеліп қалмай, ең бастысы, дәл қазіргі таңда аса өзекті-аналар тақырыбын көтеру. Сол ұлы аналарымыздың рухани болмысын таңуға, қыздарымызды олардың талбесік тәрбиесінен тәлім алуға шақыру-атқарылар істердің түпқазығы болмақ. «Ел болам десең бесіңді түзе!» дегенге де саяды.

Әсіресе, қыздарымыздың әлуметтік желілерден «қазақ қызы» деуге ауыз бармайтын әбес қылықтары әбден асқынған, ұлт қамын сырып қойып, көрінген «көк аттының» етегіне жармасып, шет ел асуы (санын айтудың өзі шошырлық) тым шектен шыққан қазіргі тұста аналар тақырыбы қай кездегіден де өзекті. Рухани қажеттілік екені даусыз.

Ал, жаңағы әуелгі сауалыңызға келсек, қазақта небір қиын-қыстау кезеңдерде ақыл-парасатымен ұлтты ұйытып, бүкіл ру өнеге-үлгі тұтқан абзал аналар аз болмағаны тарихтан белгілі. Оған Қарқабат ана жөнінде қысқаша мынадай тарихи айғақ-деректерді келтірсек те жеткілікті. Мысалы, ән мен жыр дүлдiлi Біржан сал Қожағұлұлы ақын Сарамен айтысқанда: «Қарқабат, Қарақожа – ата-бабам, Осындай ерегісте қолдайтұғын!...» демей ме?! Яғни, бүкіл Арғынның атасы-саналатын Қарақожамен қатар атауының өзі-ақ, Қарқабат ананың қазақтың ұлт болып, ұйысуына қосқан зор үлесін, тарихи алар орнын айқын аңғартар дәлел болмақ.

Алашкөсемі Әлихан Бөкейханов өзінің «Қарқаралы уезі» кітабының

32-33-беттерінде сол кездегі Қарқаралы өңірінің белгілі ақсақалы, шежірешісі Мақат Ақайұлы Қаракесек және Қарқабат ана туралы өзіне айтқан көлемді шежіре-анызды келтіреді. Оның мәтіннің толық нұсқасы қолымызда бар. Мұны «Қазақ энциклопедиясы» осы айтылған деректерді толықтыра және түгелдей дерлік растай түседі.

– Қарқабат ана есімін Арқа жерінде ежелден-ақ қастер тұтқан ғой. Кешегі кеңестік мөңгірттендіру саясаты салдарынан кейін де көп аталмай, көмескі тарта бастағаны да жасырын емес еді...

– Ол рас. Мейрамсопыдан тарайтын бес ұл: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек (Болатқожа) «Бес Мейрам» деп аталатыны мәлім. Қарқабат ана өзінен туған Болатқожамен бірге Мейрамның бірінші әйелі Нұрпаямен бірге елінен ере келген жеңгесінің ұлы Қамбарды (Балқожа), кейінірек туған Шұбыртпалы (Темірқожа) мен Жалықпасты да (соңғы екеуі Мейрамның өз кіндігінен) өз қамқорлығына алып, қоса тәрбиелеп өсірген ана. Олардың бәйбіше балаларымен тату болуына, іргелері сөгілмеуіне ғұмыр бойы күш салғаны ел ішінде әлі де аңыз боп айтылады. Тіпті, бәйбішеден туған Сүйіндіктің де емшек беріп өсірген, сүт анасы болған. Бұл жерде оның бәрін айтып жеткізу мүмкін емес. Тек қосарымыз, Қарқабат ана тәрбиелеген аталған төрт атаның («Төрт Қаракесектің») тұқымының өзі қазіргі күнде қаулап өсіп, Сарыарқа бойын ең жайлап, қалың қазақ елінің шаңырағын көтеріскен, іргесін бекем-дескен қабырғалы ру Қаракесек атанып, бүгінге жетіп отыр. Демек, Қарқабат анамыз демограф-ғалым Мақаш Тәтімөвтің дерегі бойынша, ұзын саны бүгінде миллионнан асып отырған барша Қаракесек руының арғы ұлы анасы.

Академик-жазушы Ғ.Мүсіреповтің айтуынша, анасының есімін ұран ғып шақырғаны қазақтың үш ұрының бірі осы Қаракесек. Көкбөрі қаракесек сарбаздары атажаумен айқасқа шыққанда «Қарқабат! Қарқабат!» деп анасы есіміне сыйынып шапқан.

– Қарқабат ананың шыққан тегі туралы да әртүрлі айтылып жүр, бұған не айтасыз?

– Иә, ол да рас. Бұл жөнінде мен Қарағанды өңірінің Шет-Бұғылы төңірегінен шыққан Сазанбай батыр жөнінде жазылған «Дала дастаны» атты тарихи-деректі кітабымда және осы жылдың сәуір айының орта шенінде «Орталық Қазақстан» газетіндегі мақаламда толығырақ жазғандықтан, бұл жерде тек мына бір деректерге ғана тоқталайын. Қазақтың «ормандай қалын» Орта жүзі ішіндегі іргелі ру Қаракесек атауының қалай шығуы туралы тарихи баяндар, аңыз-әңгімелер, жыр-шежірелер көп. Өлеңмен жазылған сондай екі көлемді жыр-шежіре қолымызда тұр. Бұларда Қарқабат анамыздың өмірбаяндық деректері, аналық, даналық бейнесі анық көрініс тапқан.

«...Кең далада бірліктің отын көсеп, Іргелі ел болыпты Қаракесек, Соларды ер жеткізген Қарқабатты, Бақ дарыған киелі ана деседі. Қасиетті Шадиар Әли екен, Қарқабат анамыздың арғы тегі...», – деп келеді ұзақ жыр.

Ұлы анамыздың текті жерден екенін осы Шет өңірінде ғұмыр кешкен атақты абыз кеуде жырау Шортанбай Қанайұлының жыр-шежіресі де дәлелдей түседі:

«Сыр қызын Мейрамсопы алған екен. Жеңгесі шығарып сап барған екен. Емшекте жеңгесінің бар баласы, Үш адам келген еді айналасы, Біреуі Арыстанбаб тұқымынан, Бірге өскен бай қызының жан жолдасы...».

Міне осы жолдардағы «Арыстанбаб тұқымынан» деп отырғаны Қарқабат анамыз.

Қарқабат ер адамға бергісіз аса қайратты, өте ажарлы, ақылына көркі сай ана болуымен бірге, отбасына ерекше мейірімді жан екен. Әсіресе, күйеуін ерекше құрметтеген. Мейрамсопының етіне суық су, табанына сыз тигізбеген. Дәрет алатын құманын түнде қойынына алып жатады. Осыны байқай жүріп, әбден риза болған Мейрам : «Өркенің өссін!» деп бата береген. Қарқабаттың арты жақсы болып, өркені өскені, рулы елге есімі ұран болып, әруақ дарығаны осыдан, – дейді кешегі көнекөз ақылмандар. Мейрамның бәйбішесі де құт дарыған қасиетті кісі болған. Қарқабаттың мейірімділігі мен аналық қасиеттеріне әбден риза болған Нұрпая оның балаларына: «Көрпең кең болсын, тұқымың қалың ел болсын!», – деп бата беріпті. Бұл қазақтың жазба шежіресінің ғұламасы атақты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қалдырған мол деректердің бір парасы ғана.

Зерделеп қарағанымызда, Қарқабат ана туралы біздің жоғарыдағы келтірген деректерімізді толықтыра түсетін оннан астам дереккөз кітаптардан нақты мағлұматтар кездестірдік. Ал кешегі кеңестік кезеңнің өзінде «Елім-ай»-лап жүріп ел тарихын тереңдете жазған Софы Сматаев ағамызға Алматыға арнайы барып жолыққанымызда, ол өзінің 2010 жылы жеке кітап болып шыққан «Мейрамсопы-Қарқабат» дастанын жазу барысында «Арыстанбаб» кесенесіне барып зиярат ете жүріп, ондағы көнекөздерден Қарқабат анамыздың

шыққан тегі, төркін жұрты жөніндегі құнды дерек-құжаттар тапқанын айттып, бізді бір серпілтіп тастады. «Арнайы экспедиция жасақтап, анамыздың туған, қайтыс болған жерлері анықталса, тездетіп кітаптар шығаруды қолға алсақ» – дейді жазушы ағамыз.

Жергілікті автор Аманолла Шайбековтің сирек кездесетін деректер келтіре отырып, құнды танымдық-зерттеу мақала жариялауы біз үшін күтпеген қуанышты жаңалық болды. Әрі ел арасында өзге де зерттелмеген тың дүниелер, бағалы тарихи деректердің мол сақталуы арада ғасырлар өтсе де ел қамын жеген асылдар есімі өлмейтінін, мәңгі халық жадында екенін кесетіп отыр. Ардақты анамыз туралы ел арасындағы аңыз-әңгімелер, жыр-шежірелер, ғылыми-зерттеу еңбектері жинастырылу ісі басталып та кетті. Анамыздың ғұмырнамалық деректері Мейрамның сонау – Еңсегей бойлы Есім ханның биі әрі қолбасшысы болған тұстарға жетелейтіні де қызықты.

– Ардақты анамыз есімін ұлықтау жөніндегі бастамашылыққа негізінен белгілі ғалымдар мен ақын-жазушылар мұрындақ болғанға ұқсайды.

– Иә, Қарқабат ана туралы баспасөз бетінде алғаш мақала жариялансымен-ақ бірден жер-жерден көптеген азаматтар, соның ішінде ҚР ҰҒА академиктері Сейіт Қасқабасов пен Дикан Қамзабекұлы, елге танымал жазушы ағамыз Софы Сматаев, белгілі қоғам қайраткері, әрі кәсіпкер Амангелді Ермегияев, филолог-ғалым, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Серік Негимов, шежіреші-ғалым Мақсат Алпысбес, ақын, «Алматы облысының құрметті азаматы» Бақытжан Тобаяқов, қазақтың ұлтжанды біртуар азаматы, ғарышкер Токтар Әубәкіров бастаған бірқатар зиялы қауым өкілдері қолдау білдіріп, тіпті Ынталы топ құруға ынталы болғанын ризашылықпен жеткізе кетудің де артықтығы болмас.

– «Қарқабат ең алдымен, қазақты қазақ қылған ошақтың үш бұтындай анау атақты үш бидің бірі – Қаз дауысты Қазыбектің арғы ұлы анасы. Яғни, Қазыбектің арғы атасы Қаракесекті (Болатқожаны) дүниеге әкелген ана. Ал осындай ұлысты ұйыстырған, руды ұйытқан ұлағатты ананы еске салар бір белгі-ескертікіш бар ма? Осынау ұланғайыр Ұлы Дала жерінде!?! Таппайсыз! Ұрпақ алдында ұялар жан болса қанеки?! Өкінішті...» – деп жазған екенсіз «Дала дастаны» кітабыңызда.

– Иә, ақын Жұбан Молдағалиев ағамыз: «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген, Жөргегімде таныстым мұң тілімен...» – деп тегін тебіренген бе?! Ұлт тағдыры сан мәрте қыл үстінде қалтырап, талай жер бетінен жойылып кету қаупі төнген қиын-қыстау тұстарда ерлермен бірге атқа қонған қаһарман қыздарымыз, ақыл-парасатымен ұлтты ұйытып, ұрулы елге сөзі жүрген абзал аналарымыз қазақ даласының әр өңірінде де аз болмаған ғой. Тіпті, өзге түркі халықтарында, күллі шығыс халықтарында деуге де болар, дәл қазақ қыздарындай жауынгер-батыр, әлгіндей ірі тарихи тұлғаға айналған аналар көп кездесе бермейді қарап отырған.

«Әттен...соларды үлкен экрандардан әлі көрсете алмауымыз, қазіргі жас жеткіншектерге үлгі-өнеге етіп айта алмауымыз қалай?» – деседі көргенді көпшілік. Бұл да бойдағы бодандық, тоталитарлық, құлдық санадан арыла алмауымыздан, демеске амалымыз жоқ. Ойланарлық мәселе.

Сөзімнің соңында айтарым, Қарқабат анамыз есімін мәңгі есте қалдыру шараларын жүзеге асыруға (ескертікіш орнату, елді мекендерге атын беру, кітаптар шығару және т.б.) жергілікті билік өкілдері, ел азаматтары, кәсіпкер азаматтар бір кісідей ат салысса, Елбасының «Рухани жаңғыру» бастамасына қосқан лайықты үлесі болумен қатар, ғибратты іс болар еді.

– Әңгіменізге рахмет.



ҚОҒАМНЫҢ ТҮЙТКІЛДІ ТАҚЫРЫБЫ

Қазақы ортада қыз баланың орны бөлек. Қызды қонақ деп есептеп, барған жерінде бағының ашылуын қадағалаған. Мейірімді, әдемі, ізетті, ақылды болып бойжетуін ескерген, «Қызға қырық үйден тыйым» дейтін тәмсіл содан қалған. «Қызым – үйде, қылығы – түзде» демекші, бүгінгі таңда қыздардың тәрбиесіне көп көңіл бөле алып жүрміз бе? Қыз баланың көмелетке толмай неке құруы, ерте жүкті болуы ойландырмай ма?

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, күн сайын әлемде 20 мыңнан астам жасөспірім қыздар жүкті болып, босанып жатады екен. Ал елімізде жыл сайын көмелетке толмаған 3 мың ұл мен қыз некеге отырса, жүкті болған 1 мың мектеп жасындағы қыздың 30-ы өмірге сәби әкелетін көрінеді. Швецияда 1000 жасөспірімнің төртеуі, Оңтүстік Кореяда екеуі ғана дүниеге сәби әкелетін болса, Қазақстандағы жасөспірімдердің туу статистикасының Еуропа елдеріне қарағанда қаншалықты жоғары екендігін бағамдай беріңіз. 2015 жылы 15-19 жас аралығындағы әрбір мың қыздың 36-сы ана атанған. Айта кетейік, Түркістан облысында 2015 жылғы көрсеткіш бойынша 15-19 жас аралығындағы қыздардың бала туу саны алғашқы үштіктен көрініп отыр. Салыстыру үшін: Атырау облысында бұл көрсеткіш 10,0 пайызға, Ақмола облысында 9,4 пайызға ғана тең. Сонда Қазақстандағы қыз тағдырының құны қанша болмақ?

Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде журналист-студенттердің қатысуымен «Қазақстандағы жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығын сақтау тақырыбының БАҚ-та жариялануы» атты тренинг өтті. Шара Астана қаласындағы Ұлыбритания Елшілігінің қолдауымен «Түркістан облысындағы қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту» жобасы аясында өрбиді. Мақсаты – жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығын сақтау, осы тақырыптың БАҚ-та көбірек насихатталуына қол жеткізу.

Тренинг ЮНФПА-ның (БҰҰ-ның халық қоныстану қоры) Қазақстандағы атқарушы өкілі Райымбек Сисемалиевтің кіріспе сөзімен басталды. Ол алдымен Қазақстанда жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулығының мәртебесі туралы ақпаратты ұсынды. Сонымен қатар жастардың репродуктивті денсаулығын сақтауға көмектесу үшін ЮНФПА-ның жыныстық тәрбие берумен айналысатын репродуктивті денсаулық бөлімдерінің жұмыстарын күшейту мақсатында «Валеология» курсы әзірленіп, оны Қазақстанның бірқатар өңірлерінде сынақтан өткізіп жатқандықтары туралы ақпаратпен алмасты. Тренингке қатысушылар осы жана курс туралы көбірек білу мүмкіндігіне ие болды. Жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығын сақтаудағы маңызы мен жеке үлесі туралы, медиа-тұлғаның рөлі жайлы әңгіме қозғалды. Ал әнші, қоғам қайраткері, жастар арасында репродуктивті денсаулықты қорғау мәселелері жөніндегі ЮНФПА спикері Ақмаржан Көшербаева осы бір өзекті тақырыпта ой қозғап, көрермен тарапынан қойылған сауалдарға тыңғылықты жауап берді. Сонымен қатар, тренинг үстінде «Қыз тағдыры» атты жана әнінің бейнебаян көрсетілімін ұсынды. Бейнебаян көрермендерге ерекше әсер етті.

Әрі қарай «Қыз алып қашу салт па, дерт пе?» деген тақырыпта қызу пікірталас жалғасты. Көмелеттік жасқа толмаған жас қыздарды зорлап алып қашуды бүгінде салт деп түсіну жаңсақ пікір екенін, оның арты бақытсыздыққа апарып ұрындыратынын айтты. Дәл

осы тақырыпта ЮНФПА-ның бағдарламалық үйлестірушісі Ғазиза Молдақұлова кең түрде түсінік берді. Тренинг барысында басқа да спикерлер тақырып аясында пікірлерімен бөлісті. «Y-PEER» жастар желісінің жетекшісі Айым Олжабай дағдыландыру мен қауіпсіз жыныстық мінез-құлықты қалыптастырудағы бейресми білім берудің рөлі туралы айтты. Ал «Аналар үйі»-нің психологы Жанат Кенжебаева қиын жағдайға тап болған адамға не істеу керек? деген сауал төңірегінде өзінің психолог ретіндегі жеке кеңесін берді. Қазақстандағы «Аналар үйінің» жұмысы туралы, оның жасөспірімдерге қалай пайдалы болатындығы туралы да әңгімеледі. Қысқасы, тренингке қатысушыларға тек теориялық білім беріліп қана қоймай, практикалық жағынан да көп кеңестер ұсынылды. Мәселен, «Аналар үйі»-нің контент-менеджері Айжан Бақтыбаева жасөспірімдермен сұхбаттасу этикасы туралы қатысушылармен бірге «ми шабуылы» ұйымдастырды.

Тренинг жастардың отбасы құрып, өздері дайын кезде ғана балалы болуын жоспарлауға көмек беретін білімді алуына жол ашты. Бұл жағдайды жақсартуда бұқаралық ақпарат құралдары қандай рөл атқара алатындығы жөнінде біраз ойлар айтылды. Шара барысында репродуктивтік денсаулық сақтау саласындағы терминдер мен олардың қазақ тіліндегі айқындалмалары бар арнайы әзірленген түсіндірме сөздіктер таратылып берілді. Бұл тренингке қатысушы журналист-студенттерге осы тақырыпта жолбасшы бағыт ұсына алатын жақсы құрал екені даусыз.

Мадина ИСИМОВА,
Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің 2-курс студенті

Түркістан қаласы

Бүгінгі қоғамның адамдарын түсіну қиынға соғып барады. Кейде қарап отырсаң, көпшілік замандастарым әлдебір теріс бағытқа қарай адасып, шатасып, бара жатқандай әсер билеп, мазам кетеді. Мүмкін олардың осылай бет бұрғанына өзіміз кінәлі шығармыз? Себебі, қазіргі уақытта, баршаға мәлім, теледидар басты тәрбие құралына айналғаны рас. Одан қала берді, жағымсыз ағымдарға бастаудан интернет те қалыс қалмай, алдыңғы орынға шыққандай.

АДАСПАЙЫҚШЫ, АҒАЙЫН!..

Қаймағы бұзылмаған қазақ осыншалық күйге неге түсті? Уақыт ауанына қарай жағлай солай деп жылы жауып қоя салуымызға бола ма? Шынайы, қарапайым, адал жандар неге ескерусіз қалып барады?

«Ештен кеш жақсы» дейді қазақ. Істі ең алдымен БАҚ саласынан бастасақ деп ойлайсың. Бұларды түземей адамдарды түзеймін деп ойлаудың да қисыны жоқ сияқтанады. Мысалы, мен мектеп оқып жүргенде теледидарды Түрік елі мен Үндістан кинофильмдері қаптады. Ол кезде балғын жас едік. Иә, біз соны көріп өстік, ал бүгінгі менің қатарластарым қандай?

Оған көз көріп өздеріңіз куә болып жүрсіздер. Жеке басым бала жастан теледидарға құмартқан емеспін, кітаппен өстім десем өтірік емес. Бүгінгі БАҚ саласы адамдарды өмірге талпындыратын, жақсы бағытта, алға қойған мақсатынан таймайтын, қыздың – қыз, жігіттің жігіттігін насихаттайтын жобалар дайындау соншалық қиын емес деп санаймын. Қылтыңсылтыңы көп арзан күлкімен бітіретін бағдарламалар өте көп, одан қалса халыққа теріс тәрбие беретін фильмдерді қалай ұсына салады екен? Бұларды бір жүйемен реттемесек, елдің есін жинай алмай қалатынымыз анық. «Мұның бәрі заман талабы» деген желеуді жаппай тоқтату қажет деп санаймын.

Ендігі мәселе, ақпарат тарату ісі. Жаңалықтарды қосып қалсаң, «халықаралық» тілмен айтқанда, жатқан «негатив» – сәлден соң-ақ басың ауыра бастайды. Бала зорланды, тонап кетті, кісі өлтірді... деген сипаттағы сөз жиі айтылады. Әрине, айтқан да дұрыс шығар, бірақ халықтың психологиясымен кім санасады?! Несиесін төлей алмай, миы ашып жүрген адамдар үшін бұл қандай үлгі?

Бүгінгі заман – нарық заманы. Ендеше, қаржылық сауаттылық, өзін-өзі басқару сынды жобаларға көбірек назар аударылуы қажет шығар. Руханиятты бірінші орынға

қойып, жанашырлық пен адамгершілік, қарапайымдылық қағидаттарын ескере отырып жұмыс істеу маңызды орын алатынын есте ұстау ләзім. Сонымен қатар әлеуметтік желідегі айқай-шу, бейпіл сөздерге де қатаң тыйым қажет.

Бүгінгі жанару қоғамында халық өз-өзіне қызмет ете отырып, саналы түрде дамуы қажет емес пе?! Яғни, біреуге тәуелді болмау керек. Бұған қоса әрбір қоғам мүшесі өзіне жұмыс істей отырып, қоғамның алға жылжуына елеулі үлес қосуы қажет.

Жалпы, «ниетіне қарай – ісі» деген сөздің жаны бар. Бұл жүрек тазалығы қандай болса, өмір жолы, тірлігі сондай деген сөз болар. Біз өткенге көп қарап, өткенді көп ойлайтын болып алдық. Өткеннің тек жақсылығын теріп қана жаңашылдықты қабылдау маңызды.

Кейінде белең алған тағы бір жағымсыз ағым – белгілі байлық-дәулетке қолы жеткен кейбір ағайындарымыз әйел ауыстырып әлек. Олар «Пайғамбарымыз да төрт әйел алған» дегенді алға тартады. Ал біздің ойымызша, ондай ниет көрсекызарлық пен тойымсыздықтан емес, әйелге жанашырлық, қамқорлық көрсету тілегінен туындайды. Сол секілді, біздің кейбір танымал өнер адамдары, әсіресе, әншілер қауымынан да адам сүйсінер қасиет қаша бастағандай...

Жалпы, қастерлі ата-баба салт-дәстүрін сақтау тақырыбында айтар әңгіме жетерлік. Бұл орайды айтпағым, біз қанша жерден өзге ұлттарға еліктегенмен, қазақ болып қалатынымызды ұмытпағанымыз жөн шығар.

Қысқасы, тамыры терең ұлттық мәдениетімізді кеңінен насихаттап, жас ұрпақ санасына сіңіруіміз қажет. Тіпті, театр мен мұражайға бару, дүниетанымды арттыру сынды істі арнайы мектеп бағдарламасына енгізіп, осы бойынша қызмет атқару өте маңызды.

Жадыра МҰСАБАЙ



Жұматай Көксубай – Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ұйымдастыруымен Астанада өткен «Қасиетті қазақ елі» халықаралық фестивалінің «Поэзия» аталымы бойынша Бас жүлде иегері. Жас ақынның бір топ өлеңін оқырман назарына ұсынуды жөн санадық.

ҚАСҚЫРЛАР


Тіліменен күннің бетін жалайтын,
Түгіменен түннің шашын тарайтын.
Мынау сайқал дүниеге дүбірлі,
Еркіндіктің көзіменен қарайтын.
Қасқырлар-ау, қасқырлар-ау, қасқырлар,
Қайсы белде айды тістеп жатсыңдар.
О, даламның дара бөтен тағысы,
Түн ұйыған жанарында намысы.
Азу тісін айға қайрап отырып,
Жұлдыздай көп болса дейтін табысым.
Түн пердесін жыртып-жыртып ұлыған,
Сол бір дауыс хәм тәкаппар тұнық ән.

Барамын деп өзімді алдап сендірдім.
Сағынышты ішіп-ішіп тауыса алмай,
Жалғыздықты құшақтап ап мен жүрмін.
Кешір!

АУЫЛЫМ

Түйе өркеш, қоян жонды, түлкі бауыр,
Тауымның туысы еді бұлты да ауыр.
Аспанға алақанын жайған көкпен,
Түрленіп кеткен шығар шіркін ауыл.
Қарашыдан басталған орақ бұлақ,
Қапсалаңды ағатын орап құлап.
Тәңір таудың шыңдарын құрсаулайтын,

Жұматай КӨКСУБАЙ:



Жүргендей кеңістікте,
Қыдырып қалқып әлі.
Ұйқасқа тағылмаған,
Өлеңнің шарпылары.

Алмасқан маусымдарды,
Көрдім де елжіредім.
Әсілі ақын емес,
Аунаған мезгіл едім.

ҚҰЛАЗУ

Сен мені ұмыттың ба, оқырманым,
Есімде сені күтіп отырғаным.

Бақ ішінде мен сені қарсы алғаным,
Ойымда арман жайлы ән салғаның.

Сол киноны көрдім деп жылағаның,
Пенделерге бір бақыт сұрағаның.

Бақытсыздар жайлы көп айтатының,
Бірақ мен бақытты боп қайтатыным.

Әлгі бір романын бір ағаның,
Айтатынсың сыншылар сынағаның.

Мен ұнатқан ақынның бір өлеңін,
Желімен бірге сен едің жіберетін.

Әзілме ұзақ күліп алатының,
Кей сөзіме бұртия қалатының.

Шарфыңның жібін үзіп алған кезім,
Сәл өкпелеп сөйлемей қалған кезім.

Топ ағаштың ішіне бұғынғаның,
Сол күні сәби болып туылғаның.

Өлеңіме көп мақтау айтатының
Сол күні ұлы ақын боп қайтатыным.

Би кешіне барсам деп өтінгенің,
Бармайсың деп айтып ап өкінгенім.

«Аға осы махабат не?» деп едің,
Ол тұрмыстың сіңілісі деген едім.

«Сіз мені сүйесіз бе» деп күлгенің,
Сағынамын алысқа кетпе дедім.

Бұл күнде сезінгенім байқағаным,
Маған өлең арна деп айтпағаның.

Сен мені ұмыттың ба, оқырманым,
Есімде сені күтіп отырғаным.

ҚАЗАҚСТАНЫМ

Жер тарпып өскен құлының белді,
Тұлпар ғасырдың дүбіріне ерді.
Шығысқа ағып текес боп кеткен,
Балқаш боп қайта бір ұлың келді.

Көп көрдің елім безбен жауырды,
Соқтырған едің сөзбен дауылды.
Алатау сенің аппақ бұлтыңдай,
Мен төгіп алдым көзден жауынды.

Далаңды көріп жұмақ па деппін,
Қалаңды көріп жылап та кеттім.
Қазақтық бойдан жойылар сәтте,
Азаттық алып мұратқа жеттім.

Көк туың тұрса, желбіреп биік,
Ұрпақ жүр ұлтын елжіреп сүйіп.
Алланың саған пейілі түсті-ау,
Беріпті жерін белгілеп қиып.

Бермеймін деді ер байрақ тағымды,
Желтоқсан да жауың сайрап табылды.
Шашынан сүйіреп Лазаттарыңды,
Мұзға орап көмген Қайраттарыңды.

Көшбасшы ұлың Нұрекең сенің,
Қазақтың бағы шың екен дедім.
Абылай әлі бар екен дедім,
Керей, Жәнібек тірі екен дедім.

Өтінші ұлың өр төсін бермей,
Атағың кетсін жер тосын еңдей.
Жетпіс жыл бізді желкеден басқан,
Өтейік жаттың желкесін көрмей.

Ұрпаққа беріп таза күш дарын,
Көрейік көкке балаң ұшқаның.
Тәуелді боп өт Аллаға ғана,
Тәуелсіз Менің Қазақстаным.

ҚАЛЫҢ ЖЫЛҚЫ жусап жатқан бұл бөктер

Қалың жылқы жусап жатқан бұл бөктер,
Теуіп ашқан жерді шұқып жүр кептер.
Қасқыр келіп араласты әнеки,
Қар бетіне сызып қызыл суреттер.
Қайран тай бойынан дірілдеп,
Қашып шықты бұлқынды да бір рет.
Кәрі қойшы ерік берді күмәнға,
Қара мылтық ажалды аңсап тұр анда.
Тұяқтарын тұман жуып көкжалдың,
Ұзақ-ұзақ ұлысын кеп қыран да.
Азан даусы сіңіп қалған тау ішін,
Мекіренген қойдың басар даусы.
Қойшы көзін сүйеді кеп ұйқы қыз,
Өтті уақыт, ол уақыт, түлкі қыз.
Самал келіп түртеді сол жігітті,
Самал шылпен жанарыңды сүртіңіз.
Намыстылар бірін-бірі күзетіп,
Таң атырар табанынан сыз өтіп.
Өз көзіммен көрсем дейтін өмірді,
Түн көзінен байғұз үні төгілді.
Сенің даусың естілмеді не заман,
Сол заманнан бері адамдар көңілді.
Қайсы белде айды тістеп жатсыңдар,
Қасқырлар-ау, қасқырлар-ау, қасқырлар.

ҚАРАША АЙЫ

Ақыры мен мұңнан алқа тақтым-ау,
Тағы еске түсірейік, тәттім-ау.
Жебе дерсің, кеме дерсің аспанда,
Қапсалаңнан құс қайтатын шақ мынау.
Қараша айы. Қанат жауып тұрған тұс,
Аспанымды бүркеп солай мың сан құс.
Әппақ бұлттар мезгіл шеккен шылым ғой,
Ал кеңестік, күміс ернеу күл салғыш.
Арқалайтын арқар белдер асыл ой,
Қараша айы, бізде қыстың басы ғой.
Қыз дегеннен күз дегенге өзгерген,
Жапырақтар сары кемпірдің шашы ғой.
Қойымды айдап қошқар мүйіз белдерде,
Өлең оқып беруші едім ерменге.
Деп ойлаушы ем қырқаларды ғасырдың,
Керуенінен қалып қойған теңдер ме?
Сәл езіліп пысқанындай өріктің,
Мен іңірдің тәтті шағын көріппін.
Бүлдірген бет, таңқурай шаш, күн сұлу,
Қараша да менің жалғыз көріктім.
Ата таулар, салалаған сақалын,
Самал желмен жіберетін мақалын.
Жалғыз досын күте-күте жалығып,
Жұлдыз жерге ағып келе жататын.
Өз тілінде ұзақ-ұзақ сөйледі,
Анау бұлттар қыстың жазар сөйлемі.
Ақ ұлпаға айналатын осылай,
Қарашаның қоңыр торғын көйлегі.
Бүгін ойлап кеңсірігім тұр ашып,
Сол дүбір жүрегіме ұласып.
Топ құйрығын айға қадап кісінеп,
Күрең айғыр кетті үйірі қыр асып.
О, қапсалаң мені мұңға көндірдің,



Мәңгілікке шешілмей сол ақ тұмақ,
Аспан түріп алғандай түңілігін,
Жаратқанның қызды-ау деп күні бүгін.
Шешем кейде осылай күбірлейтін,
Қырқаларға көз тастап құлын мұрын.
Сары қурайдың сабына сөз ілгендей,
Жел тұрткенде боздайтын бозінгендей.
Күн батыстан құлаған көлеңкелер,
Қызыл жардың түбіне көз ілгендей.
Құлагерлі мекендер күміс ерлі,
Күмісіне көз салып күн ішеді.
Жалғыз ара ұшады жанай сені,
Домбырадай үзілген бір ішегі.
Осы шақ қоян үркіп қашқан белге,
Қаз мойын түтін жүзіп аспан көлде.
Сиырлар сирағымен сырға тоқыр,
Бақайын балпаң-балпаң басқан белге.
Сендерге бермесін деп алапат күн,
Шешем бәрін тілейтін шарапаттың.
Иегін иізен белден асыратын,
Күрең сайға кілкіген қарақат түн.
Ауыл ғой ол...

АРМАН

Шешендердің сөзінен,
Төр орнатып берейін.
Бүкіл қыздың көзінен,
Көл орнатып берейін.
Айдың әппақ нұрымен,
Айна жасап берейін.
Жұлдыздардың жүзінен,
Саған сырға терейін.
Жапырақтың тамшысын,
Алқа етіп берейін.
Ажарыңды кірлетпей,
Жанарыма бөлейін.
Найзағайдың жарқылын,
Шарпың етіп қояйын.
Бұлбұлдардың барлығын,
Әншің етіп қояйын.
Ақша бұлтты гүлімен,
Көрпең етіп қояйын.
Кемпірқосақ нілімен,
Кірпіңді бояйын.
Сәбилердің күлкінін,
Шашып қоям жолыңа.
Мен ауадан басқасын
Ұстатпаймын қолыңа.
Мен осылай бақытты,

Қылсам деп ем өзіңді.
Сен басқамен кеттің де,
Қайран арман көз ілді.

ҚАР ЖАУЫП ТҰР

Жауып тұр қар жауып тұр,
Өлкеде мынау бүгін.
Ал жерге жазып жатыр,
Табиғат қырау жырын.

Осы қар сағынышты,
Жырымның парақтары.
Аспаннан сусып түскен,
Аққудың қанаттары.

Кірпікке қатқан тамшы
Кетуге асығады.
Шақырып боран мені,
Амалсыз басылады.

Күздегі орман қыздың,
Көйлегін тонағандар.
Бұлттан сыйлап жатыр,
Ақ ұлпа орамалдар.

Мезгілдің қиқымдары,
Ауаның көбелегі.
Далама уақыт әні,
Жел болып себеледі.

Үкідей ұшып келіп,
Мекендеп ана жерді.
Жүректей бүлкілдеп ап,
Паналар дала, белді.

Аспанда желтоқсанда,
Жұлдыздар ағады кеп.
Ал, шыңдар ақ пердеден,
Тон киер жағалы көп.

Біреуді сағына ма,
Қарға үні тыншымайды.
Ол нені ойлайды екен,
Ақтөсім қыңсылайды.

Терезе әйнегінен,
Сан сурет көрінеді.
Ар жағы торғын белге,
Күміс зер төгіледі.

Мата түрі	... Пыт (актер)	Сан	Жол оқпағасы	Үз	тебен	Азылшо арты				Өуен	Аспа ағаш
					Қыпқар	Ахтанов (жазушы)	Футбол бұйымы	Алма сорты	Шырай (сип.)		Кіру (сип.)
Уылдырық	Жеміс	Үлт-к бөс кнім	Есінен шығарма				Ән-жар				
		Бесака	Тауық өмі	Атос, Портос, ...		Сүгі	Сураум бар нөрес		Грек құдайы		Көне Рим тн-ны
	Жесірдің жуз күні	Үнді гресс-мейетрі		Скрип-каны қыз	Саясат ұйқы-түйкісі			Түссіп			
	1000 метр				Қануық			Көрік (сип.)		Түпе	
	... Пой			Жену (сип.)		Сырақ		Төсіп			
Атос-рар	Мүстріке	Испани астана-сы				... рип (Саул Аравия-сы)		Казак-тың ұлы ақаны		Тотті жеміс	
		Тура ауыл	Ұшақ марка-сы	... мп-лік, шарық	... мүлік	Койлек қағазы		Ула бақа			
Голдн (актри-са)	Қытай ілімі			Ұлттық тағам		... Рип (кано-актер)		Белес			
		Түс	Балған жайт	... Рид (инш)		Дирек-тор					
Баш алауы	Мұхам-мед ...	Вивьен (актри-са)	Әртіс	Алаула (сип.)	... мезіл			Келіп анысы		Көпір	
Банкет	Ранет	Орманов			Ташпа-ша маркасы	Құрдыс	Аса		Кіріс		Төкәмбе-сіп
Жол басту-шы		Виза ошекеші				Белес	Қысқы жауап	Ән жа-зуы			
			Байрақ	Өкше				Жаңа жыл сип			
	... Жа-фаров (боксер)	Бөшке	Қалақы өлшем	... Жи-сипаев (актен)				Боран			
Түркия				Нак				Қарты (сип.)			

Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Жол бойында аялдап келе жатқан ақсақалдың алдынан бір топ жігіт шығып, әлгілердің біреуі ғана: - Ассалаумағалейкүм, ата! - деп амандасқанда, ақсақал: - Уағалейкүмассалам, шырағым, бақытты бол! Неге жалғыз өзің жүрсің? - деген екен.

Есіңде ме, екеуіміздің мектептегі күндеріміз? Күнде екі сабақтан соң 10 минуттық қонырауда мектептің артында кездесуші едік! Сол кезде мен сенің бөліңнен ұстап, қызыл ерніме тигізіп, сенің ыстық қан қыздырар демінді ішіме тартып, ләззатқа батып тұрғанда екеуімізді ылғый НВП пәнінің мұғалімі ұстап ала беретін еді ғо! Сол кезде сен ұялғаныңнан қызарып барып, өшіп қалатын едің! Еееееех, қайран менің темекім! - депті бір студент темекісіне...

Қолында бір қорап жұмыртқа бар ауылдан келген шал автобуска мініпті. Ол автобуста отырған бір келіншектің алдына келіп талтайып тұрып алыпты. Келіншек ыңғайсызданып:

- Ата, менің орныма отырыңыз, - десе, әлгі шал көнбей: - Қой, қызым, отыра бер, мен қазір түсемін, - депті. Сөйтсе әлгі келіншек: - Онда ата, сізге аздап болса да жеңіл болсын жұмыртқаңызды ұстап отырайын - десе, шал: - Ой, қой, құрсын, қытығым келеді - деген екен.

«Жаным, бүгін жаңалықтардан естідім, қаладағы хайуанаттар паркінен маймылдар қашып кетіпті, соларды қала бойынша полиция қызметкерлері іздеп жатыр. Олар адам өміріне қауіпті маймылдар болғандықтан, көрген жерде атып тастап жатқан көрінеді. Сен бір-екі күн көшеге шықпай-ақ қойшы. Мен сен үшін қатты қорқамын».

Бір күні күйеуі аулада таза ауада серуендеп жүрсе, әйелі: «Гриль алып келе салшы», - деп СМС жазыпты. Күйеуі: «Целую» - деп жазыпты. Сосын әйелі мәз болып: «Жаным, я тоже целую», деп жауап жазып жіберіпті. Сөйтсе күйеуі қоңырау шалып: - Әй, қатын, не деп қуып тұрсың? Мен саған «целую или половинку?» деп сұрап тұрмын! - деген екен.

Жайдары жан сирек ауырады

Адам кейде ауруды өз мінезінен де табатын көрінеді. Адам денсаулығын зерттеп жүрген ғалымдар мынадай болжам айтады:

1. Шектен тыс қуану жүрек талмасына (инфаркт) әкеп соғады.
2. Үнемі қайғырып, уілеп жүру өкпені зақымдайды.
3. Ызақорлық, ашушаңдық бауырды ауыртады.
4. Қызғаншақтық, біреуді көре алмаушылық бауыр мен бүйрекке зардабын тигізеді.

5. Жылауықтық жүрек қабының ауруына шалдықтырады.
6. Шошыну, үнемі үрейлену өт жолын қабындырады.
7. Біреудің қамын жеп, үнемі шыр-пыр болу көк бауыр ауруын туғызуы мүмкін.

Аурудың асқынуына адам бойындағы негізгі үш жаман әдет ықпал жасайды деген де тұжырым бар. Олар – ашкөздік, ызақорлық, надандық.

massaget.kz



№48-49 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы

ТА	ҒА	ЛА	Ә	Л	Е	К	Н		
	З	Р	Д	Г	Б	О	Я	У	
ТА	РЫ	А	Е	С	І	К	М	Л	
Р	Қ	Ұ	Н	ТА	ЗА	ЛА	МА		
З	Ы	М	Л	Л	Я	С	Д	И	Н
	Қ	Ұ	Т	Ы	О	А	З	И	С
Р	Р		Л	И	Т	Р	МА	ТА	С
А	Ы	Ы	О	С	И	П	ЕР	К	Е
Қ	О	НА	Қ	А	С	Ы	О	Д	РА
Ы	С	К	З	О	Р	Е	Л	К	А
МА	СС	А	Ж		Т	Ы	Ң	І	
	А	Б	О	А	Ұ	Р	А	Р	У
Т	Я	А	Л	Ғ	А	Ш	Қ	Ы	Л
Ұ	И	Қ	А	И	З	ТА	Қ	ТА	А
Р	Қ	Х	А	Б	А	Р	А	У	Ы
А	МА	ТИ		А	ПА	Б	Ғ		
Қ	КА	М	Ф	Ғ		БА	Т	Ы	Л
С	Ө	У	ЛЕ	БА	Л	Қ	У	А	С
Ы	Л	НЕ	ОН	О	МА	Р	ТА		
З	А	ЛУ	ЗА	ЕМ		Қ	Ы	З	

Полярлық шұғыла қалай пайда болады?

«Полярлық шұғыла немесе Солтүстік шұғыласы – Жер атмосферасының ионосфера қабатында байқалатын жарқыл. Полярлық шұғыла ғарыштан келетін жоғары энергиялы зарядталған бөлшектердің (электрондар мен протондардың) атомдар мен молекулалармен әрекеттесуі (90 – 1000 км биіктікте) нәтижесінде пайда болады».

Жоғарыдағы сөйлем – табиғат ғажайыбына берілген физикалық анықтама. Мұны қарапайым тілге аударып көрейік.

Солтүстік шұғыласы – бізге мәлім ең жарқын табиғат құбылыстарының бірі. Олар мың жылдар бойы адамдарды таңдандырып келді. Полярлық шұғыла алғаш рет 30 мың жастағы кроманьон үңгірлеріндегі суреттерде бейнеленген. Бұл туралы деректер біздің заманымыздан бұрынғы 2600 жылғы көне қытай жазбаларында кездеседі.

Табиғат құбылысына 1619 жылы ғана латынша «auroa borealis» деген ат берілді. Бұл атауды атақты ғалым

Галилей қойған. Сол уақыттарда ғалымдар солтүстік шұғыласын таңда Күннің шығуы кезінде пайда болатын құбылыс деп есептеген. Сол үшін Галилей мұндай табиғат құбылысына Римнің «Таң құдайы» мен гректердің «Жел құдайы» аттарын біріктіріп берген.

1749 жылы ғалымдар Күн циклдерін зерттей бастады. Нәтижесінде, Күн бетінде дақтар пайда болғанда Солтүстік шұғыла қатты жарқырап көрінетінін анықтады.

Бүгінде Полярлық шұғыла таңда Күннің шығуынан пайда болмайтыны баршаға мәлім. Бірақ оның аты өзгермеді. Aurora borealis – Солтүстік шұғыла, ал Оңтүстік шұғыласы «Auroga australis» деп аталады. Олардың қалай пайда болатынын біз жоғарыда айтып өттік.

Осылардың арасындағы ең көп көрінетіні жасыл-сары түсті шұғыла оттегі мен Күн молекулаларының өзара әрекеттесуінен жерден 240 шақырым биіктікте пайда болады. Егер Күн молекулалары азотпен өзара әрекеттесе, аспанда қызыл немесе

көк түс пайда болады. Ал олардың басқа түстерін тек арнайы құрылғылар арқылы ғана көре аласыз. Сәулелік пішіндердің орташа қалыңдығы 200 метр, жарық артқанда, ол кемиді. Полярлық шұғыланың спектрлік құрамы ендікке байланысты өзгеріп отырады. Шұғылаларды зерттеу, біріншіден Жерге жақын ғарыш кеңістігіндегі процестер туралы ақпарат жинауға, екіншіден, оптикалық сәуле шығарулары бойынша ғарыш бөлшектерінің ионосфераға әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Ғажайып табиғат құбылысы кейде бұлт сияқты, кейде толқын, спираль, және горизонт түріндегі түрлі пішіндерде көрінеді. Осыған байланысты әр халықтың өз наным-сенімдері бар. Мысалы, Финляндияда оларды «Отты түлкілер» деп атаса, Шотландияда «Періште», Скандинавияда оны балық аулаудың сәтті өтетінінен хабар беретін құбылыс ретінде қарайды. Инuitтер болса, оларды «Түнгі аспанда билейтін жануарлар» деп атайды екен.

massaget.kz

«ЕЛБАСЫ ЖОЛЫ. АСТАНА» фильмі көрерменге жол тартты

«Алатау» киноконцерт залында «Елбасы жолы. Астана» көркем фильмінің тұсаукесері өтті. Фильмді ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тапсырысы бойынша «Сатайфильм» кинокомпаниясының қатысуымен Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірді. Көркем кинотуындының режиссері — Ақан Сатаев.



«Қазақфильм» киностудиясының ең ірі жобаларының бірі болып саналатын фильмнің салтанатты көрсетілімі шығармашылық топтың қатысуымен өтті.

Осындай ірі жобада жұмыс істеу мен үшін және менің командам үшін үлкен құрмет. Біздің фильм барлық көрермендерге арналған, өйткені бұл фильмде бәрімізге ортақ — еліміздің тарихы баяндалады. Үлкен аға-әпкелерімізден бастап, іні-қарындастарымызға дейін бұл туынды қызықты болатынына сенімдімін. Фильмді қызықты әрі шынайы етіп жасауға тырыстық. Картина тарихи фактілерге негізделген, сондықтан да фильмдегі барлық кейіпкерлер де шынайы өмірдегі адамдар, болған оқиғалардың куәгерлері, — деді режиссер Ақан Сатаев.

Айта кетсек, «Елбасы жолы. Астана» — «Елбасы жолы» киноэпопеясының алтыншы бөлімі. Оның алдында түсірілген «Балалық шағымның аспаны», «От — өзен», «Теміртау», «Тығырықтан жол тапқан», «Жұлдыздар тоғызқанда» фильмдері көрерменнің ыстық ықылас-ілтпапына бөленгені туралы айта кеткен жөн.

«Елбасы Жолы. Астана» фильміне Елордамыз — Астананың салыну тарихы арқау болған. Оқиға 1994 жылдың шілде айынан бастау алады. Кеңес Одағы құлағаннан кейін Қазақстанның тәуелсіз дара жолы басталады. Экономикалық дағдарыс пен саяси тұрақсыздыққа тап болған сол бір қиын-қыстау кезеңдерде, Мемлекет басшысы астананы Алматыдан Ақмолаға көшіруді ұсынады. Бұл ұсыныс барша халық үшін қатты оқиға болды, мұндай шешімнің іске асытынына және оның жемісті бола-

тынына ешкім сенбеді. Бірақ қауіп-қатер мен қарама-қайшылықтарға қарамастан, көпшіліктің күдіктеріне, күмәншілдердің сыны мен қаржылық қиындықтарға төтеп бере отырып, Президенттің басшылығымен еліміз межелеген мақсатты іске асырды. 1998 жылдың 10 маусымында жаңа астана — Астана қаласының халықаралық тұсаукесері өткізілді.

Фильмнің сценариін Әділбек Жақсыбеков және Тимур Жақсылықов бірлесіп жазған. Көркем туындының түсіру жұмыстары былтыр желтоқсан айында қолға алынды. Картинаның негізгі түсірілімдері Астанада жүргізілді. Мысалы, негізгі түсірілімдер Елордамызды Алматыдан Астанаға ауыстырғаннан кейінгі Президент Н.Ә.Назарбаев 1997-2004 жылдары аралығында жеті жыл бойы жұмыс істеген алғашқы резиденциясы — Елбасы кітапханасының музейі ғимаратында жүргізілді. Мұнда жоғары деңгейдегі кездесулер мен келіссөздер өткізіліп, еліміздің тағдырына

қатысты шешімдер қабылданды. Алғашқы кейіпінде сақталған Мемлекет басшысының кабинеті, қабылдау және отырыс залдары сол жылдардағы жұмыс күндердің атмосферасын бірден бере алды.

Фильмге түскен актерлер туралы да айта кеткен жөн. Н.Ә.Назарбаевтың рөлін театр және кино актері Мұрат Ахманов сомдады. Сондай-ақ, фильмге Еркебұлан Дайыров, Жан Байжанбаев және басқа да танымал кино жұлдыздары түсті. Айта кетсек, осы жобаға британдық грим бойынша суретші, «Оскар» жүлдесінің иегері Марк Кольер арнайы шақырылды. Ол Маргарет Тэтчер және Уинстон Черчилльдің образдарын жасаған.

Фильмнің түсірілімдеріне Президенттің кеңсе қызметкерлері, протокол қызметі мен Мемлекет басшысы күзет қызметкерлері кенесші болып арнайы тартылды.

qazaquni.kz

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент —
Редакторлар кеңесінің төрағасы —
Қазыбек ИСА

Бас редактор — Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары —
Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары —
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы — Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұрлан ӘБДІБЕК (қоғам)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:

Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:

Айтақын БҮЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:

Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:

Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:

Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:

Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:

Әтіргүл ТӘШИМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор —

Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Алматыда:

Мағжан НҰРҒАЛИЕВ
(8-702-466-27-02)

Астанада:

Көбей ЖЕТІБАЙ
(8-775-665-74-10)

Шымкентте:

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)

дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген.

Күллік №13976-Г (Алғашқы күллік

№1270-Г, 01.08.2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап

береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жа-

салыу шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары

пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ — 60 000

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ — 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:

8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www.qazaquni.kz

Кезекші редактор —

Гүлмира САДЫҚ

Тәуелсіздік күні аталып өтілді

Қазақ қазақ болып жаралғалы өзге елге көз алартпай, елін, жерін, шаңырағын жауларынан қорғап келген. Қандай нәубет қырғын келсе де, соңғы демі қалғанша бостандықты аңсап, азаттыққа ұмтылған. Бүгінде бабаларымыздың ұлы арманы орындалып қазақ елі өз Тәуелсіздігінің 27 жылдығын атап өтуде.



Тәуелсіздік мерекесін Алматы қаласындағы Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының жеке құрамы кеңінен атап өтті. Салтанатты шара барысында әскери оқу-орнының жеке құрамы саптай тізіліп, тік тұрып қарсы алудан бастады. Ортаға институтымыздың жауынгерлік туы шығарылып, мемлекеттік әнұранымыз орындалды. Жеке құрамды құттықтаған институт бастығы полковник Асқар Мұстабеков өз сөзінде: «Тәуелсіздік қазақ халқына оңай жолмен келген жоқ. Талай сындарлы жолдардан өттік. Жоңғар шапқыншылығы, пат-

ша билігіне қарсы тұрған ұлт азаттық күрес, 30-шы жылдар басындағы зұлмат аштық, қазақ халқын жойып жіберудің аз-ақ алдында болды. Бүгінде намысты биік қойған өр халық ретінде Елбасы салған сара жолмен жүріп келеміз. Шекарамызды бекітіп, айбынды әскерімізді құрдық. Алыспен де жақынмен де татулық орнатып, экономикамызды нығайттық. Қазақстан халықтарының достығын арттырып бүгінде Тәуелсіздігіміздің 27 жылдығын атап өтудеміз. Осы орайда барлықтарыңызды төл

мерекеміз — Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын. Көк байрағы желбіреген бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы жарасқан еліміздің Тәуелсіздігі баянды болсын», — деді.

Мереке барысында үздік көрсеткіштерге қол жеткізген әскери қызметшілерге кезекті әскери шендер, мақтау қағаздары және алғыстармен қатар «Мінсіз қызметі үшін» I, II, III дәрежелі медальдар, ҚР «Құрметті ардагері» төс белгілері табысталды.

Осы тұста Тәуелсіздігіміздің

27 жылдығына орай, институт бастығының кубогы үшін, институтымыздың бітіруші түлектері 5 курс курсанттарының ұйымдастыруымен, футболдан, волейболдан, әскери қоян-қолтық ұрыстан дәстүрлі XIII курсанттар спартакиадасы да өз мересіне жетті. Осы мерекелік іс-шара барысында жеңімпаз командалар мен жүлдегерлерді институт бастығы грамота, медальдар, кубоктар және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Мерекелік концертте институтымыздың шығармашылық тобымен қатар Қазақстан эстрада жұлдыздары, өнер театрларының өрендері және «Салтанат» би ансамбілінің бишілері өнер көрсетті.

Концерт соңында институт бастығы полковник Асқар Мұстабеков мерекелік іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырған тәрбие және идеологиялық басқарма ұжымына жеке құрам атынан алғысын жеткізді.

Ербол ӘЛІБАЕВ

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ - «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ — 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72	6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58	6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында
басылды. Алматы қ., С.Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ — материалдың жариялану ақысы төленген